Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

РКЕУН

№ 6 (901) қыркүйек 2014 жыл

1 сентября – праздник, который объединяет все просвещенное человечество. С первым днем осени начинается новый отчет времени и для студентов. Особенно волнителен этот день для тех, кто впервые переступил порог высшего учебного заведения в качестве студента.

Вчерашние школьники – сегодня первокурсники

В 2014-2015 учебном году в Западно-Казахстанский государственный университет принял почти 1800 первокурсников. Всего в университете обучаются почти пять с половиной тысячи студентов и магистрантов.

С успехом осваивают студенты грантовое обучение. Так, в этом учебном году 308 первокурсников получили возможность бесплатного обучения. В том числе 150 выпускников школ из южных регионов республики по программе «Серпін».

-К этим ребятам у нас повышенное внимание. Как и ко всем первокурсникам. Но ребята, приехавшие по программе «Серпін» должны в краткий срок адаптироваться в новом городе, новых условиях. Главное – они все обеспечены общежитием. Создана целая программа по организации культурного досуга. Это спортивные мероприятия, встречи, собрания, знакомство со студенческим активом, даже совместный субботник – труд сближает! – рассказала о первых днях в университете новоиспеченных студентов руководитель отдела по воспитательной работе Альфия Жаксыгалиева. По словам

Альфии Сырымкожиевны, студенты адаптировались в новых для них условиях, готовы к выполнению всех требований и обязанностей в университете.

Сотрудников отдела по воспитательной работе и активистов студенческого самоуправления можно увидеть вместе с первокурсниками и в будни, и в выходные. Чтобы учебе ничто не мешало, многие мероприятия проводятся в воскресные дни.

Первая в жизни вчерашних выпускников школ и колледжей линейка в университете прошла в торжественной обстановке. В черных мантиях и шапочках стояли магистранты. Честь поднять флаг Республики Казахстан были удостоены ветеран Великой Отечественной войны, руководитель военно-исторического музея, кандидат исторических наук, профессор Павел Романович Букаткин, студенты-отличники Асемгуль Тресова, Бахытжан Конарбаев. Не менее ответственной была для студентов Нурхата Ораша, Архата Исламгали честь вынести флаг и эмблему ЗКГУ.

В торжестве также приняли участие преподаватели, ветераны педагогического труда, родители. С Днем знаний собравшихся поздравил ректор ЗКГУ, доктор педагогических наук, академик Асхат Салимович Имангалиев. Он пожелал, чтобы 2014-2015 учебный год стал плодотворным для постижения новых знаний и реализации научных исследований и открытий.

В нашем университете созданы все условия для личного роста и самореализации каждого студента. Составной частью процесса подготовки специалистов является научно-исследовательская деятельность, которая направлена на решение актуальных проблем и расширение международных связей с вузами ближнего и дальнего зарубежья. При университете работают научные центры, молодежные общественные объединения, регулярно проводятся предметные олимпиады, где на республиканском уровне наши студенты занимают призовые места.

Студенты могут в переделах университета приобрести практические навыки. Для этого имеются испытательная лаборатория для химиков и биологов, виртуальный банк для будущих экономистов и бухгалтеров. Подписанная Болонская декларация предполагает академическую мобильность, благодаря которой ежегодно студенты и магистранты имеют возможность получать знания в ведущих университетах ближнего и дальнего зарубежья.

Кроме этого университет принимает участие в грантовых международных программах GLOBAL, TOSCA, Mevlana, а также программе «Болашак».

Студенческая пора – самая незабываемая пора! Это про нас. Жизнь современного студента в стенах нашего университета не ограничивается лишь лекциями и сессией. В ЗКГУ работает более 60 научных кружков, дебатный клуб. Наши студенты участвуют в международных и республиканских конкурсах, олимпиадах, турнирах, слетах. Самые веселые и находчивые студенты могут выразить свой талант в играх КВН.

Свое творческое начало студенты проявляют в университетском театре, хореографической студии под руководством опытных специалистов своего дела из числа преподавателей.

Лето – пора отдыха. Но не для студентов ЗКГУ, которым дорог каждый день. Ведь есть прекрасная возможность попробовать свои силы в студенческом стройотряде и движении «Жасыл ел».

И все же университет – это подготовка конкурентоспособных специалистов по мировым стандартам. ЗКГУ им. Махамбета Утемисова первым в регионе прошел национальную институциональную аккредитацию в 2010 году. В 2012 году 12 образовательных программ ЗКГУ прошли международную аккредитацию. В апреле 2013 года университет успешно прошел государственную аттестацию, ряд образовательных программ получили подтверждение международной аккредитации в известном в Европе германском аккредитационном агентстве «ACQUIN», а в мае 2014 года – институциональную аккредитацию университета и специализированной аккредитации четырех образовательных программ Независимым агентством аккредитации и рейтинга (НААР).

ЗКГУ предоставляет лучшим студентам, успешным как в учебе, так и в общественной жизни, именные стипендии: 15 стипендий Президента РК, 3 республиканских стипендий (им. Аль-Фараби, Г.Мусрепова, М.Тулебаева), 5 университетских стипендий (им. А.С.Пушкина, М.Тлеужанова, В.Иванова, М.Утемисова, А.Тайманова), стипендии Народного банка, компании «КПО б.в.», «БТА банка».

Конференции и слеты, сессии и собрания и еще много интересного и познавательного будет сопровождать жизнь нынешнего первокурсника на протяжении всех лет студенчества.

Программа «Серпін» в действии 2 стр.

Проблемы общественной географии 3 стр.

Қазақ елінің Конституциясы – елдік құндылықтардың сақталуының кепілі 4 бет

Ядролық қарудан азат әлем үшін 6 бет

Ивановские чтения 8 стр.

«Тіл-татулық тірегі» 10 бет

Мои первые дни в Университете 11 стр.

Программа «Серпін» в действии

150 грантов было выделено в этом учебном году ЗКГУ им. М.Утемисова по программе Президента Нурсултана Назарбаева «Мәңгілік ел жастары – индустрия» - «Серпін». Всего по данной программе гранты в количестве 1050 были выданы семи вузам западного и северного регионов для выпускников южных областей страны. Данная программа имеет целью искоренение безработицы густонаселенных областей, подготовку педагогических кадров регионов. По данным Центра карьеры ЗКГУ все гранты нашего университета были освоены.

По сути это большая запланированная миграция молодежи с юга в другие регионы страны. Объясняют это тем, что в наших краях демографические процессы находятся в критическом состоянии и через несколько лет будет остро ощущаться нехватка рабочих кадров. Скорее всего, будет предусмотрено и трудоустройство этой молодежи, чтобы закрепить ее на новом месте. В этом году квота по «Серпін» выделена на педагогические специальности, в будущем планируют добавить и технические.

Несмотря на то, что на специальности, подпадающие под эту программу, будет сложнее поступить, так как квоты заберут немалую часть грантов, данная программа имеет существенный плюс. Вузы области, получившие эти квоты, несколько лет будут иметь гарантированный госзаказ и смогут сохранить кафедры, специальности, преподавателей, а значит, и качество образования.

По грантовой программе «Серпін» в ЗКГУ будут учиться 70 студентов из Кызылординской области, 45 – из Южного Казахстана, из Мангыстау – 24, 8 студентов из Жамбылской и 3 – из Алматинской области.

Помимо грантов «Серпін» нашим университетом было освоено 167 грантов по общему конкурсу.

9 сентября состоялась он-лайн конференция по вопросам академической мобильности студентов государственных вузов страны, организованная Институтом Болонского процесса (г. Астана). В работе конференции приняли участие проректор по учебно-методической работе Г.К.Жусупкалиева, сотрудники центра Болонского процесса под руководством Л.А.Садыковой, координаторы академической мобильности факультетов ЗКГУ.

ЦЕНТР Болонского процесса

Как показала работа конференции, за время подписания Болонского процесса и введения в учебный процесс вузов академической мобильности, и в частности внешней академической мобильности, у центров Болонского процесса накопилось немало вопросов, решение которых позволит упростить и сделать массовым процесс обмена студентами. В частности рассматривалась законодательная и нормативно-правовая база по академической мобильности, организация включенного обучения в других вузах, т.е. признание периодов обучения и перезачета дисциплин, пересчет оценок, определение объема трудозатрат, вопросы финансового обеспечения и др.

С нового 2014-2015 учебного года начал работу созданный в ЗКГУ центр Болонского процесса, ранее его функцию делили Департамент по академическим вопросам и Болонскому процессу и Департамент международного сотрудничества. Кроме этого на каждом факультете есть свой координатор по вопросам академической, к которым могут обратиться студенты. Руководителем центра назначена кандидат технических наук Лязат Анатольевна Садыкова.

-Академическая мобильность открывает перед студентами широкие горизонты зарубежного образования. И хороший стимул для овладения новыми знаниями. Для нас важно донести до каждого студента нашего университета информацию и охватить как можно больший контингент. Прежде всего, таково требование Болонского процесса. Но нельзя забывать и о кругозоре студента, о новых знаниях, получаемых в лучших вузах зарубежья, о языковой практике, - сказала Л.А.Садыкова.

Сотрудники Центра 11 сентября провели презентацию на тему академической мобильности для студентов 1, 2 и 3 курсов факультета истории, экономики и права. Студенты были заинтересованы, были заданы интересующие вопросы.

Тіл – тәуелсіздік тірегі

Тіл - қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Халқымыздың рухани қазынасы – ана тілі. Ежелгі ата-бабаларымыз кіндік кескен жері үшін, тілі мен діні үшін қасық қанын төгіп, ұрпағына мұра етіп қалдырған. Кейінгі ұрпақ ата жолымен қазақ тілін көркейтіп, жалынды жастарды патриоттыққа баулу мақсатында Қазақстан Республикасы Тілдері күніне арналған "Тіл – тәуелсіздік тірегі" атты кеш өткізілді.

Филология факультеті ұйымдастырған бұл бағдарламаға халық қамын жеп, ел мүддесін ойлаған қоғам қайраткерлері: Тіл басқармасының бөлім басшысы Ерназаров Жомарт Тілекқабылұлы, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Батыс Қазақстан облысы филиалының төрағасы Жексенғалиев Болат Өтеғалиұлы, Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері Погодин Сергей Михаилович, «Жайық ұстазы» газетінің бас редакторы Ақмаржан Таубаева,Облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Абдулманов Алтынбек Әбутәліұлы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, филология факультетінің деканы,педогогика ғылымдарының докторы, профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы, сонымен қатар жаны жалынды студенттер мен озық ойлы оқытушылар да қатысты.

Облысымызға танымал тілші, өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді меңгеруіне зор үлес қосып жүрген ұлт жанашыры Жексенғалиев Болат Өтеғалиұлы мінберге шығып, тіл туралы өз ойын ортаға салды. Бағдарлама барысында 02305 тобының студенті Шынтаев Жарқынбек өз арнауын халқына арнады. Облысымызда тіл саясатын халық мүддесімен ұштастыруда қызмет етіп жүрген, қоғамымызға танымал тұлғалар облысымыздағы тіл саясатының қазіргі бағыттары туралы ой толғау үшін Тіл басқармасының бөлім басшысы Ерназаров Жомарт Тілекқабылұлы мен Облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Абдулманов Алтынбек Әбутәліұлына сөз берілді. Келесі сөз кезегін туған тіліміздің құдіретін бірі қара сөзбен, бірі поэзиямен дәріптеп жүрген Ақжайықтың қос тұлғасы Ғайсағали Сейтақ пен Ақмаржан Таубаева жалғады.

Бағдарлама соңында филология факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы келген қонақтарға алғысын білдіре отырып, «Ел болашағы- білімді жастардың қолында» - деп, жастарды еңбек пен білімге жігерлендірді. Кеш сәнін «Цвети земля» әнімен 02205 тобының студенті Таймуханова Ақбаян кіргізді. Тәуелсіздігіміздің тұғырын берік ұстап, еліміздің мәртебесін көтеріп, туған тіліміздің тамырын терең жаюына өз үлесімізді қосайық!

ОБЪЯВЛЕНИЕ

При поддержке Министерства образования и науки Республики Казахстана, Министерства регионального развития Республики Казахстан, АО «Самрук-Казына», АО «Банк развития Казахстана» проводится общенациональный конкурс «Аймақ-2050» с целью развития и использования научно-исследовательского потенциала граждан в изучении, оценке и выработке рекомендаций для решения социально-экономических задач регионов Казахстана.

Конкурс направлен на отбор лучших региональных стратегий до 2050 года для последующего предоставления государственным и местным исполнительным органам в качестве рекомендаций.

Для регистрации в качестве Участника Конкурса необходимо заполнить и отправить **онлайн-заявку** установленной формы согласно Приложению 1 (для индивидуального участника) или Приложению 2 (для проектной команды не более 5 человек) на официальном Интернет-сайте Организатора по адресу **www.kz2050.kz.**

Информируем, что на базе Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова создан штаб по организации общенационального конкурса «Аймақ-2050» по Западно-Казахстанской области. Штаб расположен по адресу ул. Сарайшык, 34, каб.102. По всем интересующим вопросам обращаться к Аймешевой Жаннат Салаватовне по тел.: 8 771 032 30 80.

Еңбек маусымы аяқталды

«Жасыл ел» жастар еңбек жасағында еңбек еткен студенттер тек қаламыздың көркеюіне үлес қосып қана қоймай, ай сайын 40 мың теңге көлемінде жалақы алды. Бұл жылы маусымның 1-нен тамыздың 30-на дейін созылған «Жасыл ел» еңбек жасағы өз жұмыстарын сәтті аяқтады. 2014 жылдың 27 қыркүйек күні КазИИТУ студенттер сарайында облыстық «Жасыл ел» мен «Студенттік құрылыс жасақтарының» жабылу салтанаты өтті.

3 ай көлемінде елінің көркеюіне аянбай үлес қосып, өзгелерден ерекшеленіп, еңбек еткен 1 топ студенттер мен ұйымдастырушылар марапатталды. Жабылу салтанатында «Жасыл ел» студенттік жасағы бойынша «Үздік жоғары оқу орыны» номинациясын М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жеңіп алды. «Үздік пиар менеджері-2014» номинациясымен «шет тілі: екі шет тілі» мамандығының 4-курс студенті Тапаева Жанерке, «Үздік Жасыл ел жасағы» номинациясын университетіміз атынан маусым айында қызмет еткен «Жігер» жасағы, ал «Үздік студентік құрылыс жасағы» номинациясын тарих және құқық факультетінің 3-курс студенті Атадосов Хәкімбек, «Үздік студенттік құрылыс жасағы» номинациясымен «Қайсар» жасағының мүшесі, география факультетінің 3-курс студенті Исламғали Архат, «Студенттік құрылыс жасағы» номинациясын «қаржы» мамандығының 4-курс студенті Шоқанбаева Гүлмаржан марапатталды.

«Жігер» жасағының мүшесі, тарих және құқық факультетінің 4 курс студенті Тәжіғараева Мейрамгүл, «Тұмар» жасағының мүшесі, «мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының Жұлдызова Данагүл, «шет тілі:екі шет тілі» мамандығының 3-курс студенті Қалыбаева Алия, «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенті Нұрманғалиева Венера, география және жаратылыстану факультетінің студенті Шынжырбеков Ернар арнайы алғыс хатпен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Кешті М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, филология факультетінің 2-курс студенті Таймуханова Ақбаянның «Земля моя» әнімен аяқталды.

Халық үшін аянбай еңбек етіп, тер төккен студенттерге қанша мақтап алғыс айтса да артық етпейді. Кейінгі ұрпақ үлгі аларлықтай осындай игі іс-шаралар бастауы осы - «Жасыл ел». Сіздерді де келер маусымда «Жасыл ел» бағдарламасы арқылы елдің болашағын берік қалануына шақырамыз.

Мәдина ҚОЙШЫҒАРАЕВА,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының
2-курс студенті

Шелковый путь композитора Попова

Член Союза композиторов РК, лауреат многих музыкальных конкурсов, обладатель титула «Туған қала мақтанышы», преподаватель кафедры «Вокал и инструментальное искусство» Максим Михайлович Попов удостоился чести стать дипломантом V Международного конкурса музыкантов-исполнителей и композиторов «Романтизм. Истоки и горизонты», посвященного 140-летию со дня рождения Елены Фабиевны Гнесиной. Конкурс состоялся с 16 по 24 июня в Москве в здании Российской Академии музыки им. Гнесиных.

-Для каждого творческого человека любая поддержка является источником сил и вдохновения. В лице ректора нашего университета Асхата Салимовича Имангалиева я нашел большую поддержку, и не только материальную, он буквально благословил меня на конкурс. Результат превзошел все самые радужные ожидания. И я рад, что оправдал доверие.

Максим Михайлович Попов очень сдержанно, но с заметным волнением поделился своей радостью, которая стала успехом не только для кафедры, в которой он плодотворно работает уже много лет, но и знаковым для университета в целом. Помимо участия собственно в конкурсе, Максим Михайлович посетил мастер-класс с получением сертификата ФПК, а также провел переговоры с профессурой академии по обмену и культурным связям между нашими учебными заведениями, в котором достиг положительных результатов. «Культурный обмен необходим для учебных заведений творческого направления, - уверен М.Попов. - Это привносит новые черты в процесс обучения и преподавания. Музыкальное искусство, композиторское искусство не стоит на месте. Данная поездка позволила познакомиться с открытиями по технике композиторского письма, построения, фактуры, в технологии образовательного процесса, что в свою очередь будет внедрено в нашей работе».

На конкурсе в номинации композиторское и композиторско-исполнительское творчество Максим Михайлович Попов представил симфоническую сюиту «Жибек жолы» в 4-х частях, в которой рассказал слушателям о быте, строе, культуре казахских родов, доисторическом укладе. «Жибек жолы» - это картины из казахской жизни на фоне исторических событий.

-Солидное жюри под председательством профессора Московской консерватории С.В.Чудровой, в которое вошла элита русской и мировой музыкальной профессуры, удивить было сложно. Но тем не менее «Жибек жолы» было для жюри любопытно. Стать дипломантом, видя высочайший уровень тех, кто остался позади, - для меня лично это была победа, - признается Максим Михайлович. – К слову, среди множества конкурсантов из разных стран я оказался единственным представителем из Казахстана.

По убеждению композитора, поездки, конкурсы являются неотъемлемой частью для профессиональной деятельности музыканта, позволяющей, с одной стороны, знакомиться с новыми тенденциями в мире культуры, с другой - адекватно оценивать свою творческую деятельность. Поддержание высокого уровня – основной принцип существования учебного учреждения.

Здоровье нации – забота государства

С целью претворения в жизнь государственной программы по оздоровлению нации, обозначенной в Послании Президента «Казахстан-2050», в ЗКГУ им. Махамбета Утемисова в новом учебном году был создан Центр развития физической культуры и здорового образа жизни. Возглавил Центр Владимир Юрьевич Салов, доктор педагогических наук, профессор. Спортсмен, футболист, играл в команде «Кайрат». В одном из матчей с киевским «Динамо» получил серьезную травму, что стало причиной ухода из большого спорта. Играл в футбольной команде «Уралец» в родном городе Уральске. Преподавал, занимал руководящие должности республиканского уровня.

Ю.С.Салов ставит высокие цели, обосновывая своевременность создания центра:

-Ни для кого не секрет, что современная молодежь, студенты нашего университета общих кафедр в частности, мало занимается спортом, не обладают знаниями в области физической культуры. В настоящее время регулярно физической культурой и спортом в стране занимаются15-17% учащейся молодежи, тогда как в экономически развитых странах этот показатель равен 60-70%. Выход из данного положения один – в организации дополнительных занятий физической культурой и спортом. В нашей области есть все факторы для открытия центра в ЗКГУ им. М.Утемисова. руководствуясь поручением Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева и положительное отношение к проблеме развития массового спорта руководства города и области, мы полагаемся на природно-климатический фактор, сложившиеся спортивные традиции и успех на мировом уровне, евразийский менталитет, а также учебно-методический и научно-исследовательский потенциал.

Уже запланированы презентации для студентов 1-2 курсов, лекции для массового слушателя, дающие элементарные знания о физической культуре и физическом воспитании, двигательных навыках и многом другом.

Новости

▶ **С 10 по 14 сентября в городе Усть-Каменогорске прошли V Игры Народного спорта на призы президента Республики Казахстан**, в котором принял участие доцент ЗКГУ им. Махамбета **Утемисова** В.В.Мельников в составе команды ЗКО. Игры прошли по таким видам спорта, как волейбол, мини-футбол, казак курес, тогузкумалак, гиревой спорт, армрестлинг, настольный теннис, летнее Президентское многоборье, асык ату.

▶ Т.С.Хасангалиев, ст. преподаватель кафедры физвоспитания ЗКГУ принял участие в сборах в Астане для подготовки к Чемпионату Азии в Южной Корее среди инвалидов.

▶ По академической мобильности в первом семестре отправились на обучение за рубеж в США – 2 студента, Великобританию – 3, Германию – 6 и Российскую Федерацию – 3 студента. По внутренней мобильности наши студенты учатся в ЖенПУ - 3 студента, КазНу – 1, в ЮКГУ – 2 студента.

▶ ООО «Союз обществоведов», в который входят преподаватели кафедры всемирной истории и ССП, выиграли проект «Изучение актуальных вопросов г. Уральска». Вопросы касаются активности населения, основанные на опросах населения, в котором принимают участие студенты-социологи. Исследования проводятся с целью активизации населения в участии в культурно-спортивных и других мероприятий, а также освещение социальных программ по оздоровлению общества.

▶ 22.09 – встреча актива студенческого самоуправления, сотрудников воспитательного отдела со студентами, приехавшими в ЗКО по программе «Серпін». В разговоре со студентами также приняли участие координатор программы, теолог.

▶ 17-18.09 – встречи активистов и отличников ЗКГУ с первокурсниками, беседы об ответственности.

В рамках ознакомления первокурсников, в частности прибывших по программе «Серпін», с жизнью студентов, быстрой адаптации студсоветы совместно с воспитательным отделом организовали для студентов естественно-географического факультета отдых в университетской агробиостанции.

▶ В сентябре прошли работы по обновлению стендов воспитательного отдела, составлен план встреч по разъяснению кодекса чести студентов.

▶ 20.09 – состоялся субботник по очистке территорий, закрепленных за университетом. На таскалинской трассе 50 студентов провели большую работу по подготовке к осенне-зимнему сезону.

Совместно с «Жас Отан» ЗКО 50 студентов ЗКГУ приняли участие в акции за здоровый образ жизни – на площади рядом со стелой провели массовую утреннюю зарядку.

▶ 21.09 – в ледовом дворце серпиновцы посетили республиканский турнир «Жайыктын арыстары – казактын барыстары» по казак курес.

21.00 – с 9.00 до 18.00 прошли дебаты на тему религий и увлечения молодежи нетрадиционными видами религий, организованным управлением по делам религий ЗКО, дебатным клубом «Акикат» ЗКГУ.

▶ Вручены дипломы ассоциированного профессора (доцент) ЗКГУ им.М.Утемисова Баетову Темирболату Мухамбетгалиевичу, Шайхиеву Турару Тулегеновичу.

Проблемы общественной географии

Активное участие в мировой научной жизни принимают ученые Западно-Казахстанского государственного университета.

В июне 2014 года Фондом Первого Президента – Лидера нации Республики Казахстан был объявлен конкурс на соискание гранта для участия в международных конференциях и семинарах, по итогам которого директор департамента науки и коммерциализации ЗКГУ им. М.Утемисова Эдуард Жусупович Имашев стал обладателем гранта на участие в международной научной конференции «Позиционирование России и ее регионов в современном мире: общественно-географический анализ и прогноз» и в работе школы-семинара молодых географов-обществоведов «Будущее общественной географии: направления развития», которые прошли в рамках V научной Ассамблеи Ассоциации российских географов-обществоведов 29-30 августа в г. Санкт-Петербург (РФ). Мероприятия были организованы совместно с Санкт-Петербургским государственным университетом.

В Ассамблее приняли участие ведущие ученые географы-обществоведы из России, Беларуси, Аргентины, Турции, Германии, Украины, Сербии, Узбекистана, Казахстана.

На круглом столе «Приоритетные общественно-географические факторы, тренды и проблемы позиционирования России и ее регионов в современном мире» Э.Ж.Имашев выступил с докладом «Экономико-географические основы формирования и развития регионального агропромышленного кластера на территории Западно-Казахстанской области».

По словам Э.Ж.Имашева, на Ассамблее были рассмотрены проблемы и перспективы развития общественной географии.

-Ученые рассматривали вопросы общественной географии как прикладной науки, т.е. в настоящее время осуществляется большая ориентация научных исследований на решение практических задач общества. В том числе таких, как эффективная территориальная организация дотационных регионов и повышение их конкурентоспособности в национальной и мировой экономике и т.д.

Конституция Республики Казахстан – залог единства и процветания

«Ел тірегі – Ата заң» - под таким названием 28 августа в ЗКГУ им. Махамбета Утемисова прошел круглый стол, посвященный Дню Конституции Республики Казахстан.

Заседание круглого стола открыл ректор ЗКГУ им. М.Утемисова академик Асхат Салимович Имангалиев. В мероприятии приняли участие ветераны университета, преподаватели, представители СМИ.

Выступившие на заседание подчеркивали ведущую роль Конституции в строительсве независимости, создании процветающего, здорового общества. Свои доклады представили А.С. Қыдыршаев, д.п.н., профессор («Қазақстан Республикасының Конституциясы - тұғырлы заңнама үлгісі»), А.Е.Бижанова, к.и.н, доцент («Понятие и эволюция казахстанской конституции»), Н.Б.Сабыргалиева, магистр исторических наук («Конституция – еліміздің негізгі Заңы»), магистрант Ж.М.Арыстангалиева («Конституция мемлекет тұғыры»).

Выразили свои пожелания к.ф.н. Сериккали Шарабасов, д.п.н. В.Ю.Салов.

-Конституция – это не только права и обязанности. Мы должны быть здоровы, поскольку здоровье – основа национальной безопасности. Физическая культура – это готовность граждан к труду и обороне., - сказал в частности В.Ю.Салов.

А.С. ҚЫДЫРШАЕВ,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры, п.ғ.д., филология факультетінің деканы

Қазақ елінің Конституциясы – елдік құндылықтардың сақталуының кепілі

Конституция – елдегі қоғамдық күштердің шын мәніндегі арақатынасы.

Фердинанд Лассаль

Қазақстан Республикасының Конституциясы – айбынды ел азаматтығының айғағы, Тәуелсіздігінің тірегі, ел бірлігінің қайнар бастауы, еліміздің әрбір азаматының мақтанышы және қорғаны.

Қазақстан Конституциясы - еліміздің ұлттық саяси-құқықтық жүйесінің түпқазығы, мемлекеттілігі мен егемендігінің, елдегі заңдылық пен құқық тәртібінің заңдық негізі, барша заңнама мен құқық қолдану тәжірибесі, бұған қоса еліміздің мемлекеттік-құқықтық қайта жаңғыруы мен даму үрдісі арқа сүйер мықты іргетасы. Ата Заңымыз – біртұтас мемлекеттің, берекелі қоғамның, бірлігі жарасқан елдің негізі. Демек, Конституция – қоғам мен мемлекеттің басты құжаты, бірегей тұғырлы заңнама үлгісі.

Халық сөзі қашан да жүйелі. Ал жүйелі сөз – киелі. Конституция Қазақ елінде тұңғыш рет 1924 жылы, одан кейін 1937, 1978, 1993, 1995 жылдары қабылданғаны мәлім. Қазіргі қолданылып жүрген Конституция - 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум негізінде қабылданған елдік тұжырым. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 28 қаңтарда өзінің алғашқы Ата Заңын қабылдаған болатын. Бірақ бұл алғашқы Конституция ескі әкімшілік-әміршілдік ережелеріне, көбінесе кеңестік саясат қағидаларына негізделгендіктен, жаңа қоғам өмірінің талаптарына жауап бере алмады. Онда адам құқықтары мен бостандықтары, оларды жүзеге асыру қағидалары, мемлекеттік басқару билігін жүзеге асыру нысандары, басқару саласындағы демократиялық институттардың қызметі жете көрсетілмеген-ді. Ал жаңа Конституцияның ерекшелігі - заң шығарушы, атқарушы сот билігін белгілеп, олардың құзыретін, өзара іс-қимыл бірлігін заң тұрғысынан айқындап бергендігі.

Ата Заңымыз Қазақстанның тәуелсіздігін түбегейлі айқындап, мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының қалыптасуы мен бекуінің нық негізін салды. Жаңа Конституция өз күшіне енгеннен кейін кеңестік сипаттағы жалған демократия мен жалаң биліктің белең алуына жол берілмей, әлемдік өркениетке тән рухани құндылықтар мен саяси-әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге жол ашылды. Сонымен қатар, еркіндік пен теңдік сезімдері терең, тарихи, мәдени, рухани дәстүрі бай ежелгі қазақ халқының өзіндік ұлттық даму ерекшеліктері де ескерілді.

Адам – ардақты ат. Дүниежүзіндегі еңжас Конституциямыздың «Адам және азамат» деп аталатын бөлімі елдің ең асыл қазынасы – адам және оның құқықтары мен бостандығын қорғауға арналған. Атап айтқанда, негізгі заңның осы бөлімінің баптары адамның құқығы мен бостандығы өмірге келген сәтінен бастап, оған тиесілі екенін және оған ешкімнің қол сұғуына жол берілмейтінін бекітеді. Тарқата таразыласақ, ұлты, тегі, түсі, тілі, діні, әлеуметтік жағдайы, саяси көзқарасы бойынша ешкімнің де қуғындалмауы; сөз және шығармашылық бостандығы; еңбек ету, қызмет түрі мен мамандық таңдау бостандығы; білім алу, отбасы құндылықтарын қорғау, жеке меншігін қорғау құқықтары; жиындарға және шерулерге қатысу, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарға мүше болу, мемлекеттік басқаруға қатысу, мемлекеттік басқару органдарын сайлау, сайлану және тағы басқа құқықтары халықаралық құқық нормаларына толық сәйкес қорғалады. Яғни, біздің негізгі заңымыз мыңжылдық тарихы мен дәстүрі бар өркениетті мемлекеттердің заңдарымен лайықты иық тірестіреді.

Алғашқы қабылданғаннан бергі 19 жыл ішінде қоғам мен биліктің тұрақтылығын қамтамасыз етуде Конституциялық принцип және оның нормасы еліміздің тәуелсіздігін, экономикалық реформасын нығайтудың басты құралына айналды. Елімізде заңдылық пен конституциялық тәртіптің салтанат құруы негізгі бағыт саналады. Заңдылықты бұлжытпай орындау немесе сақтай білу жауапкершілігі – Қазақстанның тұрақты дамуына жағдай жасай отырып, мемлекетіміздің өзекті бағыт-бағдарларындағы барлық құқықтық қызметтің өркен жаюына жол ашып берді. Мәселен, Конституцияның 3-бабында мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық, халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асыратындығы, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға беретіндігі, Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайтындығы, билікті иемденіп кетушілік заң бойынша құдаланатындығы, халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге республика Президентінің, сондай-ақ Парламенттің де құқығы бар екендігі, республика Үкіметі өзіне берілген өкілеттіктер шегінде ғана мемлекет атынан билік жүргізетіндігі баса көрсетілген. Бұл орайда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан -2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекітуін және осы бастаманың нәтижесінде мәслихат арқылы ауыл әкімдерінің сайлауының сәтті өтуін елімізде Ата Заң талабының мүлтіксіз орындалуының және Қазақстанның демократиялық үрдіске адалдығының нақты дәлелі ретінде атар едік. Ал ауыл әкімдерінің балама сайлауы саяси жүйедегі реформалардың жүзеге асуына жәрдемдеседі, оның мақсаты - халықты мемлекет басқаруына, қазақстандық қоғамның жетілдірілуіне қатысуға кеңірек тарту.

Бүгінгі Ата Заңында елімізді мекен еткен барлық этностарды азаматтық және рухани-мәдени тұтастық негізінде топтастыруға, қазақстандық жарасымдылықты, патриотизмді қалыптастыруға негізделген қазақстандық бағыт оларды ортақ мүддеге ұйыстырып, бұл ұстаным бүкіл әлем мойындаған және үлгі санайтын үрдіске айналды.

Әділет, құқық қорғау органдары азаматтың Ата Заңмен берілген құқықтары мен бостандықтарын қорғай отырып, олардың заман талабына сай еңбек етіп, білім алуына және барлық конституциялық құқықтарын толыққанды пайдалануына өздеріне жүктелген құзірет шеңберінде жағдай туғызуда.

Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекетке айналуды өзіне басты міндет етіп алған еліміздің бүгінде қол жеткізген көл-көсір табыстары да - осы Конституцияның және пайымды парасат, рухани рух биігінде мұқалмас күш-жігермен ел үшін тер төгіп жүрген әр азаматтың жанқиярлық еңбегінің арқасы. Бейбіт өмір, тұрақтылық, ынтымақ сынды ұлы құндылықтарға негізделген Ата Заңымыз ел бірлігін қамтамасыз етіп, елге ырыс әкеліп, жақсы тұрмысқа кенелтуде. Бүгінгі еліміз қол жеткізген күллі биік асуларымыз бен жеңістеріміз де - осы Конституцияның жемісі. Демек, 19 жылдығы аталып отырған Ата Заңымызды саяси, экономикалық, әлеуметтік жетістіктердің жаңа белесіне құқықтық негіз берген тарихи құжат ретінде құрметтеу әрқайсымыздың міндетіміз. Басты себеп - еліміздегі жүзеге асып жатқан күллі саяси, экономикалық құқықтық шаралардың осы Ата Заңымыз негізінен туындайтыны. Басты дәлел - барлық қоғамдық қатынастар тиісінше заңдармен реттелетіндігі. Конституция қағидалары толықтай елімізді демократияландыруға, экономикалық өрлеуге, халықаралық деңгейде өсуге, ішкі деңгейде әлеуметтік, саясі-құқықтық тұрақтылыққа, ауызбірлікке шақырады.

Еліміздің көпұлтты тұрғындарының өзара түсіністігін, беріктігін, болашаққа нық сенімін қамтамасыз ете отыра Ата Заңымыз мемлекеттің экономикалық қуаттылығын іске асырумен қатар оның халықаралық сахнадағы лайықты орын алуының да қозғаушы күші болып отырғандығын бүгінгі күнгі Қазақстанның әлемдік бірлестіктегі лайықты орны дәлелдей түседі.

Ата заңымыз Республика азаматтарының міндетті орта және жоғары білім алуларына кепілдік береді. Мәселен, біз әлемдік деңгейдегі зияткерлік мектептер мен кәсіптік-техникалық колледждер желісін дамытудамыз. Соңғы 13 жылда жоғары білім алуға берілетін гранттар саны ұлғаюда. Елімізде 1993 жылы «Болашақ» бірегей бағдарламасын қабылдадық, соның арқасында 8 мыңнан аса дарынды жас әлемнің таңдаулы білім ордаларында тәлім ала білді. Сондай-ақ, Астанада халықаралық стандарттар бойынша жұмыс істейтін заманауи ғылыми-зерттеу университетінің құрылғаны бүгінде кеудеге қуаныш ұялатады. Демек, мемлекет тарапынан атқарылған осындай нақты істердің нәтижесінде Қазақстандағы білім беру мен ғылым ісі әлемдік талап дәрежесіне жетіп отырғандығын нық сеніммен айтуға болады. Осының өзі де - мемлекетіміздің Ата Заңы талаптарының бұлжытпай орындалып отырғандығының айғағы.

Жинақтай айтсақ, Конституцияда көрсетілген саяси, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған мақсаттар тәуелсіздіктің арқасында еңсесін тіктеген Қазақ елінде қай салада болсын жемісті жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда саясаты салмақты, экономикасы еңселі, әлеуметтік жағдайы әлді, халқы тату, қорғанысы бекем, болашағы жарқын еліміз Ата Заңның аясында өркениетті елдермен терезесі тең мемлекеттің озығына айналу жолында. Конституция қабылданғаннан бергі кезең ішінде Қазақстан құлашын кеңге сермеп, өзінің қуаты мол, нарықтық экономикасы бар демократиялық мемлекет екенін әлемге танытуда. Демек, тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы мемлекетіміздің одан әрі өркендей беруіне қызмет етуде деп мол сеніммен айта аламыз.

САБЫРҒАЛИЕВА Н.Б.,
Құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы

Конституция – еліміздің негізгі Заңы

Қазақстан Конституциясы – бұл заң қарпінде өрнектелген жалпы ұлттық идея. Ол біздің ата-бабаларымыздың көптеген ұрпақтарының азаттық және өз тағдырын өзі шешу мүмкіндігі туралы, билік барша халықтың мүддесіне қызмет ететін мемлекет туралы, бүкіл әлемге белгілі әрі құрметтелетін тәуелсіз ел туралы армандарының осы заманғы құқықтық түсініктерін бейнеледі.

(Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, ҚР Президенті)

Конституцияның ең бірінші ерекшелігі – мемлекет басқару жүйесін толық бір жүйе ретінде қарастыруы болып табылады. Конституция біздің барша жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Құндылықтарымыздың негізін айнытпай орындаудың нәтижесінде аз ғана уақыттың ішінде тұғыры берік, туы биік мемлекеттігімізді орнатып, тәуелсіздігімізді паш еттік. Конституция біздің еліміздің бірлігінің, тұтастығының белгісі іспеттес болды. Елбасымыз айтып өткендей, Ата заң – мемлекеттік биліктің қайнар көзі – халықтың өзі екенін айқындады, жаңа Конституция қабылдау арқылы Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты. Конституцияны қабылдау кезінде жүргізілген референдум егеменді еліміздің дербестігі мен саяси тұрақтылығын сипаттаған бірден бір тарихи, әлеуметтік маңызы зор құжатқа айналды. Конституциямызда айтылғандай, еліміздің ең басты қазынасы адам, оның құқығы мен бостандықтары болып табылады. Халықтың бірлігі – бұл ең алдымен мемлекеттік институттардың мызғымастығы. Бұл мақсатқа Конституцияның арқасында қол жеткізілді. Елімізде халықтың барынша басым қолдауы жағдайында күшті президенттік билік орнықты. Мемлекеттің қалыптасуы, әлеуметтік, экономикалық және саяси жаңғырту жағдайында жоғары биліктің әлсіз болуға құқығы жоқ. Барлық мәселелер біртұтас мемлекеттік билік тармақтарының өзара ықпалдастығы туралы қатаң конституциялық қағидаттар негізінде шешілді.

Конституция қоғамның демократиялық әлеуеті өсуінің сенімді негізі болды. Бұл – көпұлтты халыққа, оның тілдері, діндері мен мәдени қажеттіліктері туралы қамқорлық. Негізгі Заң Қазақстанның сыртқы саясатының басты қағидаттарын – теңдестірушілікті, салиқалылықты, достастық қатынасты, көпвекторлықты орнықтырды.

Қазіргі таңда осы жетістіктер арқасында Қазақстан әлемдік қауымдастықта танымал және беделді елдер қатарында. Оған дәлел ретінде Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық Ұйымына төрағалығын келтірген жөн. Біздің Конституциямыз – бұл біздің Ата заңымыз және таңдауымыз, оны әрдайым құрметтеу керек. Конституциямен өмір сүру – бұл дегеніміз демократияның ең жоғары мектебі, оның сабақтары мен тәжірибесін біздер игеруіміз керек. Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады. Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады.

Конституция азаматтардың – мемлекеттік деңгейде әлеуметтік құқықтарына кепілдік беріп, оны қорғайды. Соның нәтижесінде азаматтардың құқықтары сақталып қана қоймай материалдық тұрғыдан да қамтамасыз етілуде. Ата Заңымызда айқын белгіленген тағы бір мәселе жұмыссыздық, мүгедектік, қарттық және жалғызілікті жағдайында азаматтың денсаулығын, сондай-ақ оның отбасының игілігін қолдау үшін әлеуметтік саясатты да жүргізу қаралады. Бұл орайда Конституциялық Кеңестің рөлі ерекше. Өйткені, ол конституцияның жоғары тұрғандығын қамтамасыз ететін мемлекеттік орган болып табылады. Мемлекет адамдардың заман ағымына лайықты бақуатты өмір сүруіне қажеттіліктің бәрін жасауға міндетті десек біздің мемлекетіміз үшін адамға деген қамқорлықтан, оны материалдық тұрғыдан қорғап, әл-ауқатын арттырудан басқа артық ешнәрсе жоқ. Мұны адам өмірін және құқықтарын конституциялық тұрғыдан мойындау деп түсінген дұрыс.

Құқықтық мемлекет болған соң, әлемдік тәжірибеден өмірлік мәні зор, ең бастысы халықтың игілігіне жарайтын дүниелерді алып, қолданысқа енгізуді алға басу қадамдары деп түсінген жөн. Бұл ретте тұтқынға алу және қамауға алуға санкцияны тек сот беретіндігін, сондай-ақ, өлім жазасын қолдану ауқымына шектеу қойылғанын қуана құптаған дұрыс. Тағы бір ашық айтып қана қоймай ел болашағы үшін жасалған игілікті қадамдардың бірі деп бағалауға тұратын қадам қоғамдық бірлестіктерді мемлекеттің қаржыландыруына салынған тыйымның алынуы болып саналады. Қорыта айтқанда, Ата Заңымызды ардақтау арқылы құқықтық мәдениетімізді дамыта түсеміз. Заңнамаға сәйкес, әділ билік жүргізетін сот жүйесі болған соң заңдарды бірінші кезекте өзіміз іс жүзіне асыруымыз керек.

Сондықтан Елбасының «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген даналығын берік ұстанамыз. Соның нәтижесінде алға басу қадамдары айқын байқалуда.

Сөзіміздің соңын ақын тілімен айтсақ, «Төлқұжатым, бек мұратым – Ата Заң, Бізге жеткен мұрадай боп атадан; Ата Заңым – бас кітабым, бұлағым, Ата Заңым – ар ожданым, тұрағым. Ата Заңым – шариғатым, шарттарым, Бағдар шамым, бойға қуат ұраным. Арқа сүйер Ата Заңым тұрғанда, Қазақстан өзіңменен Ұлымын, Қазақстан биік сенің тұғырың!» дер едік.

«Өмірімді өкінбей-ақ арнадым, қазағымның қасиетті тілі үшін!..»

Ұлағатты ұстаз, ғұлама ғалым Отарәлі Бүркітов тірі болса 60 жасқа толар еді, бірақ тағдыр соған жеткізбепті. «Ғалымның аты өлсе де, хаты өлмейді» дегендей, биыл ғалымның дүниеден озғанына 10 жыл толады екен. Сол себепті мұғалімдер мерекесі қарсаңында қадірлі ұстаз жайлы замандастары мен шәкірттерінің біраз естеліктерін ұсынамыз.

Кезінде туған тіліміздің қадір – қасиетін айрықша ардақ тұтып, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту арқылы мәртебесін арттыра түсуге айтарлықтай үлес қосқан білікті маман, «Қазақстан Республикасы ғылымының құрметті қызметкері» филология ғылымдарының докторы, Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры - Отарәлі Бүркітұлының бақилық болғанына 10 жыл толыпты. Бірақ «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дегендей, ел – жұртына қадірі өтіп қалған айтулы ғалымның жан – жағына түсірген нұр шуағы өшпек емес. Осыған орай «Өркен» газетіне студенттерге арнап өнегелі өмірдің бет пернесіндей болсын деген ниетпен, өзімен замандас болған әріптестері мен ізбасар іні – қарындастарының естелік-әңгімелері беріліп отыр. Отан ағаның өнегелі өмір жолы мен тіршілікте жасаған жарқын істері онымен аралас – құралас болған адамдардың жадында тағы бір жаңғыра түсері сөзсіз.

АЙРЫҚША АВТОГРАФ

(эссе)

Адамның өз қолымен қағазға түсірген авторлық дүниесін автограф деп жүрміз. Мұндай қолтаңба әрқилы жағдайда, әртүрлі себеппен жазылады. Соның ең белгілісі – шығармашылық иелерінің өз кітаптарын сыйлағанда қалдыратын жазбалары. Автографтың қадірін Әзілхан Нұршайықтан артық білген қаламгерді табу қиын. Әйгілі жазушы бүкіл өмірінде алған автографтарының бәрін сақтаған. Сондай-ақ, өзінің оқырмандарға берген қолтаңбаларының да көшірмесін алып қалып отырған.

Әзаңның әдемі әдеті жұрттың бәріне бірдей жұғысты бола бермейтіні анық. Дегенмен қалам ұстаған адамға аратұра автограф алып немесе беріп тұруға тура келеді. Сол автографтың қадірін адам алынған сәтінде емес, уақыт өте келе сезінетін секілді. Менің де жеке кітапханамда авторлардың өздері қолтаңбасын жазып сыйлаған кітаптар баршылық екен.

Оралды мекен етсе де, елдің зиялы қауымына есімі жақсы таныс Отарәлі Бүркіт ағамыз «Қайталамалардың лингвистикалық жүйесі» деген кітабына маржандай жазуымен мынадай қолтаңба жазып беріпті: «Асуларын өмірдің, Ойнап жүріп алатын. Пернесіне көңілдің, Жырдан моншақ тағатын. Аңқылдаған мінезбен, ағаларға жағатын. Арасында құрдастың, Жұлдыз болып жанатын. Айналайын, Бауыржан! Мен жігітті танысам, Алда сенің сағатың. Барлық жақсылықты тілеуші Отан ағаң. 5.06.2001. Алматы қаласы».

Сол кезде бұған онша мән бере қоймадым-ау деймін. Кейін ол кісі өмірден өткеннен кейін кітапты қайта қолға алдым. Біз ешкімнен жылы сөзін аямаған ағамыздың ақ тілегінің өлшеміне татимыз ба, жоқ па, оған қалыбымыз үйлесе ме, үйлеспей ме, ол, басқа әңгіме. Мәселе Отан ағаның ниетінің жақсылығында болып тұр. Ол бүкіл өмірінде ел-жұрттың бәріне тілеулес болған секілді көрінеді маған. Әрине, жердің шалғайлығына байланысты біз жиі араласа алмадық. Бірақ орайы келгенде жүздесіп тұрушы едік. Біресе Алматыда, біресе Оралда кездесіп, әңгімелесетінбіз. Батыс Қазақстанға жол түскенде шаңырағында болдық, Ұлдай жеңешеміздің қолынан дәм таттық.

Біздің қатарымыздағы жігіттердің ішінен Ақтөбеде тұратын Серік досымыз (Бермағамбетов –ол да Сіздің жасыңызға жетпей артыңыздан кетті!) Жайықты жиі жағалайтын еді. Ол осында келген сайын Отан ағамыздың шаңырағына түсіп, осы үйді Жәңгірдің сарайында жатқандай еркін жайлайтын. Батыстың барша жұртын құшағына сыйғызған алпамсадай екі азамат та қазір арамызда жоқ.

Отан ағаның ақ жүрегін, жарқын мінезін танытып тұрған автографқа қайта үңілгенде осындай ойға берілдік. Француздың атақты жазушысы Александр Дюма өзімен аттас әйгілі драматург ұлы – Александр Дюманың спектаклін көріп отырып «Мен – мына автордың авторымын!, – деген екен. Сол айтқандай, шығармашылық адамының ең таңдаулы шығармасы – оның перзенті. Өзінің көзі жоқ болса да артындағы ғылыми өндірісін жаңартып, қайтадан жинақтап бастырып, көзінің тірісіндегідей қылып, 60 жасқа толу құрметі мен 10 жылдық бақилық ғұмырына арналып жасалатын республикалық ғылыми-практикалық конференция мен 4 томдық ғылыми жинағы т.б. шаралар үшін алыста болсақ та тілектес екенімізді білдіргіміз келді. Ендеше, Отан ағаның ұрпақтарына ұзақ ғұмыр тілейік! Олар ағамыздың қолтаңбасын биік белестерге шығарсын!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Менің тілім...

Менің тілім – қалған мұра сақтардан,
Сан ғасырдың сарайында сақталған.
Менің тілім – құдыретті ғұн тілі,
Сарматтардың санасында жатталған.

Менің тілім- көне тілі түркінің,
Талай тілдің бүтіндеген жыртығын
Менің тілім – ата тілі Қыпшақтың
Ана тілі Алтын Орда жұртының

Менің тілім – Күлтегінді сөйлеткен,
Ер Еділге екі жұртты билеткен
Тұмар қызды таңдайынан жаратып,
Тұранға да, Иранға да сыйлы еткен.

Менің тілім – Мысырда да маңызды,
Бейбарыстың тілінен бал тамызды.
Шамда жүрген шайқылардан сұрасаң,
Айтар саған талай сырлы аңызды.

Менің тілім – алты алашқа дем берген,
Әбу Насыр, Махмуд, Жүсіп меңгерген.
Еуропада «Кодекс» деп қадірлеп
Неміс, испан, ағылшынмен тең көрген.

Менің тілім – Қап тауында құрметті,
Құмық, ноғай, қарашайлар – міндетті!
Өзбек, қырғыз, татар, башқұрт – бәріде,
Баба тілдің болашағын нұрлы етті.

Менің тілім – Түркістанның тұғыры,
Мәңгі өшпейтін тұлпарлардардың дүбірі.
Мен барымда, сен барымда, бауырым.
Ана тілдің ұзақ болсын ғұмыры!

Отарәлі БҮРКІТОВ

Өмірі өнеге тұлға - Сатыбалды Даумов

«Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сөз бар халқымызда. Елі үшін елеулі еңбек сіңіріп, қазақтың қамын ойлаған арда азаматтарды құрметтеу, жиірек еске алып тұру - ұрпаққа парыз болмақ. Осы орайда қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 02302-топ студенттері белгілі ақын, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Сатыбалды Даумовты еске алуға арналған «Ақ Жайықтың ақын торысы» атты әдеби-сазды кеш ұйымдастырды. Бұл шара Қ.Жұмалиев атындағы әдеби бірлестіктің аясында өткенін айта кеткеніміз жөн.

Әдеби кешті филология факультеті деканының орынбасары, доцент А.А.Раманова өзінің алғы сөзімен ашты. Жерлес ақын ағамыздың еңбек жолы мен шығармашылығы жайлы 02302-топ студенті Сапарова Зухра қысқаша деректер келдіріп, баяндама жасады. Ақын шығармаларын дәріптеу мақсатында топ студенттері А.Даулова, Г.Бахитжанова, В.Нұрманғалиева С.Даумов өлеңдерін нақышына келтіре оқыса, ақынның көзі тірісінде жүрек жарды ойларын түсіріп отырған қолжазба күнделігінен топ студенті Д.Алекенов үзінді келтірді.

Осы шара барысында Қ.Жұмалиев атындағы әдеби бірлестіктің төрайымы С.Бекетаева игі шараның ұйытқысы болған 02302-топ студенттеріне және топ кураторы Н.К.Ахатоваға үлкен алғысын білдіріп, жерлес ақын-жазушыларды ұлықтау мақсатында әлі де жалғасын табатындығын жеткізді. Аталмыш кешіміздің бастан-аяқ әсерлі, әдемі өтуіне бірден-бір септігін тизіген кештің жүргізушісі топ студенті Р.Ихсанғалиеваны атап өту керек. С.Даумовты еске алуға арналған кеш топ студенті Д.Алекеновтың әнімен қорытындыланды.

Көзі тірі болғанда келер жылдың қаңтарында 80 жасқа толатын ақын, қайраткер Сатыбалды Даумов жайлы біраз деректер, мағлұматтар біліп, ақынның шығармашылығымен таныстық. Осындай игі істер өзгелерге де үлгі болсын дейміз.

Алтынгүл САНСЫЗБАЙ,
филология факультетінің
02302-топ студенті

Истоком современной евразийской интеграции стал проект формирования Евразийского союза государств (ЕАС), представленный президентом Казахстана Н.Назарбаевым в марте 1994 г. в МГУ им. М.В.Ломоносова. Для достижения стабильности и безопасности в евразийском регионе он предложил создать реально работающий союз государств, основой объединения которых должны были стать экономические взаимосвязи.

Евразийский экономический союз как дальнейшая ступень интеграции

Евразийский проект был выдвинут в эпоху дезинтеграции и системного финансово-экономического кризиса стран постсоветского пространства. «Этап взаимного отторжения стран был неизбежен, – говорил Н. Назарбаев, – но этот виток потрясений через какое-то время даст новое качество стабильности – размежевавшиеся страны и народы поймут издержки изоляционизма и вернутся на путь интеграции». Суть предложений, выдвинутых Н.Назарбаевым, сводилась к следующему:

во-первых, строить интеграцию, прежде всего, на основе экономического прагматизма. Первооснова будущего Евразийского Союза — Единое экономическое пространство как масштабный ареал совместного развития народов СНГ; **во-вторых**, добровольность интеграции. Каждое государство и общество должны самостоятельно прийти к пониманию ее необходимости; **в-третьих**, Евразийский Союз - как объединение государств на основе принципов равенства, невмешательства во внутренние дела друг друга, уважения суверенитета и неприкосновенности государственных границ; **в-четвертых**, создание наднациональных органов Евразийского Союза, которые бы действовали на основе консенсуса, с учетом интересов каждой страны-участницы, обладали четкими и реальными полномочиями. Но это не предполагает передачу политического суверенитета; **в-пятых**, (добавлено в 2011 г.) ответственность каждой страны-участницы за устойчивость внутреннего развития, результативность национальной экономической, кредитно-финансовой и социальной политики.

Таким образом, Евразийский Союз Казахстан изначально видел как объединение государств на основе принципов равенства, невмешательства во внутренние дела друг друга, уважения суверенитета и неприкосновенности государственных границ, основой которого было равенство партнеров по интеграции.

Казахстан всегда считал, что объективно Казахстан и Россия — это локомотивы евразийской интеграции.

В октябре–ноябре 2011 г. лидеры России, Казахстана и Беларуси выступили в газете «Известия» с программными статьями о создании в перспективе Евразийского экономического союза (ЕЭС). Его материальной и геополитической основой служат неразрывные экономические и социо-культурные связи, составляющие ядро интеграции евразийского пространства, а нематериальной – межнациональные, межэтнические и межрелигиозные отношения на основе принципов цивилизационной реконструкции, т.е. развития этнокультурных отношений с учетом сбережения мощнейшего культурного потенциала народов Евразии.

18 ноября 2011 г. главами трех государств была принята Декларация о евразийской экономической интеграции, в которой отмечается, что основным содержанием дальнейшей интеграции будет полная реализация потенциала Таможенного союза и Единого экономического пространства, совершенствование и дальнейшее развитие договорно-правовой базы, существующих институтов и практического взаимодействия.

Создание Евразийского экономического союза даст евразийским странам шанс осуществить структурную перестройку экономики и совершить рывок в развитии. Этот союз, как и другие евразийские региональные организации, будет открыт для всех стран СНГ и других сопредельных государств с их огромным человеческим, экономическим и культурным потенциалом.

В итоге, главы России, Казахстана и Белоруссии 29 мая 2014 года подписали договор о создании Евразийского экономического союза (ЕАЭС), выводящий процессы постсоветской интеграции на качественно новый уровень. Высокий потенциал объединения ясен даже из сухих цифр. ЕАЭС — это мировое лидерство по территории — 20,2 тыс. кв. км; восьмое место по численности населения — 172 млн человек; шестая экономика мира с совокупным ВВП, достигающим почти 3 трлн долларов. Еще один триллион ожидается к 2030 году вследствие интеграционного эффекта. На страны ЕАЭС приходится пятая часть мировых запасов газа и почти 15% залежей нефти.

«Географическое положение позволяет нам создавать транспортные, логистические маршруты не только регионального, но и глобального значения, позволяет завязывать на себя масштабные торговые потоки Европы и Азии», — отметил по итогам подписания договора **Владимир Путин**. Прогресс ЕАЭС обеспечат развитая промышленная база, мощный кадровый, интеллектуальный и культурный потенциал государств-участников.

Союзные государства обязуются гарантировать свободное перемещение товаров, услуг, капиталов и рабочей силы внутри ЕАЭС, а также осуществлять согласованную политику в таких отраслях, как промышленность, транспорт, энергетика и сельское хозяйство. Торговая политика останется прежней — в ее основе лежит договорно-правовая база ТС и ЕЭП, соответствующая правилам ВТО. Не изменятся и нормативы распределения доходов от пошлин на товары, ввозимые в ЕАЭС: 7,33% от их суммарного объема получит Казахстан, 4,7% — Белоруссия, 87,97% — Россия.

В полной мере ЕАЭС начнет функционировать не раньше 2025 года. К этому времени на его территории должны быть созданы единые рынки газа и нефти. Штаб-квартира Евразийской комиссии будет находиться в Москве, суд — в Минске, а финансовый регулятор — в Алматы.

Обсуждение финального текста договора шло очень непросто. Так, по настоянию Казахстана из него были исключены вопросы неэкономического характера — внешняя политика, межпарламентское сотрудничество, паспортно-визовая сфера, общая охрана границ, общее гражданство. Для Белоруссии болезненной темой стал нефтяной рынок. Страна ежегодно перечисляет в российский бюджет около 4 млрд долларов пошлин от экспорта ГСМ, вырабатываемых из российской беспошлинной нефти.

В жарких дебатах удалось обойтись без исключения из договора нескольких важнейших секторов экономики. Список изъятий покинули все гражданские рынки, в том числе фармацевтики и медицинского оборудования. В этом перечне остались лишь алкоголь, табак и оборонно-промышленная сфера. В союзную концепцию также вписаны рынки нефти, газа и электроэнергии.

Анна ТУРЧЕНКО,
к.э.н., доцент кафедры учет и финансы

Ядролық қарудан азат әлем үшін

Осыдан алпыс бес жыл бұрын Кеңес Одағы Қазақстанның солтүстік-шығыс өңірінде өткізген 456 ядролық сынақтың алғашқысын жүзеге асырды. 40 жылға жуық уақытта болған орны толмас күйзелістер туралы ол кезде ешкім ойламаған еді.

Жергілікті қарапайым халық, арақ кез келген науқасқа шипа болады дегенге сеніп, саңырауқұлақ іспетті ядролық бұлттың өсіп-ұлғаюын қызыға тамашалаған болатын. Бұл өлімнің азуына бас сұққанмен тең еді. Бүгіндері Семей ядролық сынақ полигонына жақын орналасқан елді-мекендердің халқы арасынан 60 жасқа жеткен адамдар біреңсараң. Радиациялық сәулелердің кесірінен гендік мутацияларға ұшыраған, физикалық ауытқулары бар нәрестелер дүниеге келуде. БҰҰ деректеріне сәйкес Қазақстанда 1,5 миллионға жуық халық ядролық сынақтардың зардабын шегіп отыр. Сәулеленудің кесірінен: дүниеден ерте озу, шипасыз ауруға ұшырау, туа біткен түрлі физикалық ауытқулар секілді жазылмас дауалар кездеседі. Мұндай ауыр мұра Қазақстанды тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін әлемдегі 4-ші ядролық арсеналдан бір жақты бас тартуға итермеледі және сол уақыттан бері Қазақстан ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізу қозғалысының көшбасшысы болып отыр.

Өткенді өзгерту мүмкін емес, алайда келешекті өзгерту мүмкіндігі бар. Қазақстанның ғаламдық бастамасы, АТОМ жобасы арқылы Қазақстан ядролық қарудан азат әлемнің жаңа болашағын қалыптастыруға өз үлесін қосып отыр.

Атап айтсақ, Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні – Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы. Бұл бастама БҰҰ Бас Ассамблеясы тарапынан бірауыздан қолдау тауып, бүгіндері 29 тамыз Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні ретінде осымен бесінші рет аталынып келеді..

АТОМ жобасы аясында он жетінші қыркүйекте жаратылыстану-география факультетінде «Ядролық қарудан азат әлем үшін» атты дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелде Қазақстандағы ядролық сынақтардың тарихы мен ядролық қарусыздануына қатысты және АТОМ жобасының Құрметті елшісі Карипбек Куюковтың суреттері мен өмір жолын баяндайтын деректі фильм көрсетілді. Карипбек ата-анасы радиацияға ұшырауының кесілінен ол шолақ болып туды. Дегенмен, ол маңдайына жазған барлық қиындықтарды жеңе білді. Антиядролық қозғалыстың белсендісіне айналды. Өз туындыларын қаламсап пен шашақтарды аузына тістеп, немесе бақайларының арасына қысып отырып салады. Оның салған суреттерінде ядролық сынақтардың құрбандары, өзінің ауыр тағдырының көріністері бейнеленген.

«Невада-Семей» қозғалысының 25 жылдығына орай Семей полигонынан зардап шеккен халықтың ауыр қасіреті мен жалпы адамзаттың сорына айналған аурулар жөнінде де баяндамалар тыңдалды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында қабылданған Ядролық қаруды сынауға тыйым салу туралы келісім (ЯҚТСК) көп елдердің қолдауына ие болған. Алайда, барлығында емес. Бүгінгі таңда, бұл келісімшартқа қол қоймаған немесе келісімді бекітпеген, осы күнге дейін ядролық қаруды сынауға тыйым салу туралы келісімінің күшіне енуіне байланысты тиісті әрекеттер жасамаған , ядролық қару мен технологияларға ие біраз мемлекеттер бар. Ядролық сынаққа ғаламдық тыйым салуының жоқтығы – қоршаған ортаны түзелмейтін залалға ұшыратып, бүкіл адамзатқа қауіп-қатердің тууының мүмкіндігін ашық қалдыруда. Ядролық сынақтардың тоқтамау мүмкіндігі адамзат қолымен ойлап табылған ең негізгі қиратушы ретінде ядролық құжаттарға халықаралық лаңкестердің қол жеткізуінің мүмкіндігі деп түсінуге болады. Өзінің жойқын қирату қайратына байланысты ядролық қаруды қолдану орны толмас жаһандық апаттарға алып келетінін білеміз. Олардың ішінде ұзақ мерзімді төтенше жағдайлар – гуманитарлық, денсаулық сақтау саласының, климаттың, қоғамдық тәртіптің, адамзаттың даму әлеуетінің және экономикалық байланыстардың өзгеруі сияқты зардаптарға әкеліп соғады. Әлеуметтік жетістіктер мен даму мұратымызға тек бейбітшілік пен қауіпсіздіктің сақталғанында ғана қол жеткізе аламыз. Ол үшін бірлесе отырып аталған апаттардың жолын кесуіміз қажет. Себебі бұл қарудың салдары әр мемлекеттің қауіпсіздігі мүдделеріне бөлек әсер етіп қоймай, бәрімізге ортақ болмақ.

Бүкіл дүние жүзі бойынша 100 мыңға жуық кісі TheATOMProject.org онлайн петициясына қол қойып, осы әрекетімен әлемнің елбасшыларына ядролық қарудан азат әлемді қалайтындықтарын білдірді.

«Біз де барлық елдерді ядролық сынақтардан, жаңа ядролық қару технологияларын пайдаланудан және де, ЯҚТК қайшы келетін кез келген әрекеттерден бас тартуға үндейміз!»,-деген бастамамен Ядролық қарудан азат әлем құруды мақсат тұта отырып,аталған сілтеме арқылы жаратылыстану-география факультетінің профессор-оқытушылық құрамы мен студенттері онлайн петицияға қол қойды.

Бәріміз бірге ядролық сынақтарды тоқтатуды талап етіп, әлемдегі бейбітшіліктің орнауына бір қадам жақындай түсейік!

Асемгуль САРСЕНОВА,
01406 топ студенті,
Н.Ә.Назарбаев атындағы атаулы шәкіртақы иегері

Төлеген еліне барыс-келіс

Адам іс-әрекеті уақытқа бағынады. Биыл кафедра жұмысы басқа арнаға бұрылды. Фольклорлық-диалектологиялық практиканы Төлеген елінде өткізетін болдық. Басы әдемі еді, арнайы сағатын орындайтын оқытушы баласы ауырды, екінші маман мемлекеттік емтихан Төрағасы болып шықты, әйтеуір түрлі сылтаулармен бармай қалды.

Бұл ұлы адамға не айтарсыз? 1 июль күні (1975 жыл) мені «кафедра оқытушысы» деп меңгерушісі профессор Қалимолла Мырзағалиев жария еткенде доцент Ғ.Ә.Әбуханов: «легкая кавалерияға жарыдық» деп еді жарықтық. Әлгі Зейнолла Жақсылықұлы (қазіргі меңгеруші): «Ағай, сізден басқа адам жоқ, барып қайтыңыз», - деді. Айтты болды, бұйрықты орындауға шықтық. Мәссаған, әлгі мамандарымыз студенттерді ештеңеге дайындамаған. Өзге жатақханаға кіретін дәрігер рұқсаты жоқ, жол сапар ақшасын алуға KZ нөмірі жоқ, студенттер жәйбарақат жүр. Енді теміржол вокзалына жүгірейік. Жазда билет қайдан болсын? Біраз «әке-көкелеп» жүріп жалпы вагонға шақ билет алдық. Жалпы вагон – ұрықарылар, тәртіпсіз, бейәдеп адамдар тұрағы. Төрт қыз, бір ұл тағдыры – айтуға оңай!

614-пойыздың 13-вагоны. Әуелі Жанар (атасы, әкесі), сосын Базарханым, Нәзік, созылып Еркебұлан, көшіп Гаухар келді. Қозғалдық, ура! Бұрын келіп, Жанар атасы екеуміз вагон ортасынан әдемі орын алып едік, «біздің орын» деп біраз адам келді. Біз Бауыржан (Момышұлы) қорғанысын қолданып, тұрағымызды бермедік. Түнгі асымызды аузымызға ала бергенде, жанама орыннан бір көргенсіз «артеллерияны» іске қосты. Базарханым «өліп қалды», Жанар құпия жымиды, Нәзік іші-сыртын бермеді, Гаухар түк білмеген болып, қазақы қалып көрсетті...

Сағат 08:45. Сарғайтқан Ақтөбе! А.С.Пушкин педагогика институтының үздік студенті, қазір ғалым-ұстаз Өтеген Жақыпов әдемі меймандостықпен қарсылады. Біздерді Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің №1 студенттер үйіне орналастырды. Ең алдымен бұл жатақхананың табалдырығын аттарда маңдайшасындағы «Студенттер үйі» деген жазуды бәріміз ыстық ықыласпен қабылдадық.

Филология факультеті деканы Сабыржан Мұхтаров қарсы алып, төмендегілерді баяндады. Факультет қазақ тілі мен әдебиетінен бес мамандық білімін береді және филологиядан магистратурасы бар. Ұстаздар қауымының 14,1% ғылым докторы, 51,6% ғылым кандидаты, 34,3% аға оқытушылар мен магистранттар. Факультетте 9 ғылым докторы және оқу министрлігінің 4 үздік оқытушысы жұмыс істейді. Оқу орнында 559 студент бар. Оның 196-сы мемлекеттік грантқа ие, қалғаны ақылы топтағылар. Факультетте 4 кафедра, 32 магистрант бар. Құрылғанына 25 жыл толмаса да, факультет өте жемісті еңбек етіп келеді. Бұдан кейін кездесуде Қазақ әдебиеті кафедра меңгерушісі Абат Пангереев, Қазақ тілі кафедра меңгерушісі Нұрбол Садуақас ұжым мүшелерімен кездестіріп, практика маңызын түсіндірді.

Түстен кейін бізді университетте аға оқытушы Гүлнар Обаева қабылдап, фольклоршы-доктор Асанов Жұманазар Асанұлымен жолықтырды. Жұманазар Асанұлы бізге фольклорлық-диалектологиялық практиканың мән-мағынасын ашты. Соның ішінде Ақтөбе, Орал өңірлерінде көп кездесетін «Батырлар жыры» және қазақ ру-тайпаларының шығу тарихының өзі фольклорлық шежіреге жататынын атап көрсетті. Асанов Жұманазар өз дәрісінің соңында практика жұмыс жоспары бойынша студентерге тапсырма берді.

Гүлнар Обаева мен Нұрбол Әбділдәұлы бастаған ғалым-оқытушылар университет құрылымымен таныстырып, студенттер қалауы бойынша қаланы аралауға, тарихи ғимараттармен таныстыруға көмек көрсететіндігін білдірді.

17 маусым. Бейсенбі. Басшымыз Нәзіктің есіктерді тарс-тарс қаққан тарсылы бізді терең ұйқыдан оятып жіберді. Кеше Базарханым дәмді тамағына тойғызса, ал бүгін Нәзік ерекше көңіл-күймен таңғы асын әзірлеп, бізден бұрын ерте тұрған Серіккали ағайға, содан соң қалғандарымызға таңғы шай берді.

Ақтөбенің ауа-райы арамыздағы жалғыз ер жігітіміз Еркебұлан мырзамызға қатты жаққан секілді. Сілесі құрып ұйықтап қалған Еркебұланды таңғы ұйқысынан әзер дегенде түске таман оятып алғанымыз бар.

Түскі сағат 12-ден кете Қ.Жұбанов атындағы университеттің оқытушысы әрі Серіккали ағайдың талантты шәкірті Өтеген Жақыпов бізді Ақтөбе қаласынан 30 шақырым жерде орналасқан батыр атамыз Есет Көкіұлы мазарына алып барды. Есет ата басына құран бағыштап, тілеуімізді тілеп, естелік ретінде суретке де түсіп алып, кері қалаға қарай жол тарттық. Жолшыбай Елек өзеніне тоқталып, сұлу табиғат көркін тамашалап қайттық. Келе жатып Серіккали ағайдың қызықты әңгіме, әзілдерін тыңдап бір күліп те алдық. Қалаға жеткеннен соң Өтеген ағай барлығымызды қонақ қылып, студенттер үйіне шығарып салды.

18 маусым. Жұма. Бұл күні түске дейін аға оқытушы Обаева Гүлнар Садуақасқызымен университетте «Абайтану» кабинетінде фольклорлық практика жұмыстарымен айналыстық.

Түстен кейін жетекшіміз Серіккали Ғабдешұлының келісімімен ҚР Мәдениет қайраткері, Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі, бірнеше әдеби сыйлықтардың иегері, ақын, аудармашы, журналист Ертай Ашықбаевпен кездесу өткізіп, әңгімелестік.

Орал – ғалам! О, шіркін! Орал – ғалам!

Көне музей секілді тоналмаған, - деп жырлаған Ертай аға кездесу соңында «Шырақ пен шуақ» атты жыр жинағын ізгі тілекпен тарту етті.

Бүгін маусым айының 19-шы жұлдызы, бейсенбі. Бүгін күндегідей ағай бізді өзінің жылы дауысымен ұйқымыздан тұрғызды. Сағатқа қарасам 7:30 екен, ағайымыз күндегісінен жарты сағатқа ерте оятыпты. Оған себеп – түнгі сағат 03:30-ға дейін ұйықтамай футболды күтуі. Содан сағат таңғы 06:30-ға дейін қарапты. Ол кісі бір сағатта ұйқысын қандырса, біз түнімен ұйықтап, сағат 8:00-де ұйқымыздан әрең дегенде ояндық. Таңғы асымызды ішіп болған соң, университет мұғалімдерімен бірге Орталық «Нұр Ғасыр» мешітіне бардық. Бұл мешіт ішінің кеңдігімен, әдемілігімен, тазалығымен ерекше көрінді. Бізді қарсылаған кісі қыздардың үстіне шапан жамылып кіруін сұрады. Дұға қылып, мешіттің сыртқы әдемі қалпымен суретке түсіп алған соң, Ақтөбе өңірінің қарияларымен кездесіп, басынан өткен, білетін оқиғаларын сұрастырдық. Мусин Қадыржан Мұсаұлы атамыз Орал қаласы жөнінде айта келіп, курстасы Жанғали Набиуллин ағамыздың ақындығына тоқталды. Ол кісінің қазіргі жағдайы – инфарк болып, екі аяғында жаны жоқ, сөйлей алмай жылап көріскендігі туралы айтқаны ерекше әсер қалдырды.

Түскі ас ішіп болған соң, біршама жұмыс жасадық. Қолымыз босаған соң қыздар Ақтөбе қаласын аралауға кеттік. Иә, біршама жерден адасып барып, Президент саябағынан бір-ақ шықтық... Кеш батты, біз жатаханаға үлгеруіміз керек, содан автобусқа мініп жатақханаға да жеттік.

Маусым айының 20 жұлдызы, сағат 9:00. Тық-тық етіп сыдырлай безектеген сары сағатым мені күндегі әдетінше таңғы ұйқымнан оятты. Әдеттегідей күн тәртібі бойынша таңғы асымызды ішіп, Қ.Жұбанов университетіне бет алып барамыз. Бүгінгі күн әдеттегідей қарбаласпен басталды. Қ.Жұбанов университетінде практиканың соңғы күндері болғасын ба, әйтеуір бәріне үлгеруге тырысып-ақ жатырмыз. Бір кезде телефон шыр ете қалды. Бұл кім дейсіздер ғой? Бұл біздің сүйікті жетекшіміз Серіккали ағай оқу ісінің үздігі, ұстаздардың ұстазы Ниетжан ағайды қонақ қылып, сұхбаттасуға шақырып қойыпты. Біз жұмысымызды тез арада бітіруге тырысып, Ниетжан ағайымызды көруге асығып келеміз. Жатақханаға келіп, ағайымызды қарсы алып, ашық жарқын әңгімелесе бастадық. Сөзі салмақты, өзі де, ісі де бүгінгі студенттерге үлгі боларлық дәрісі қызықты өтті. Көкейінен көркем сөйлемдер ағылып тұрған Ниетжан ұстаздың бекзат болмысын ә дегеннен-ақ ұнаттық. Ниетжан ағайдың жатақханаға ат басын бұруы студенттер үшін үлкен мәртебе болатын.

Практиканың соңына да таяп қалдық. Ертеңіне жол жүретін болған соң жинаған материалдарымызды қағазға түсіріп, қорытындыладық. Кешкісін жетекшіміз Серіккали Ғабдешұлымен бірге қаланы аралап, Ақтөбе қаласының түнгі көрінісін тамашаладық. Біз бұл жолжазбамызға Ақтөбе сапарының есебін де енгізіп отырмыз.

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің ұлттық академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ жоғары оқу орындар арасындағы келісімшарт негізінде 2013-2014 оқу жылының 16 маусымынан бастап төмендегі бес студент – Ғазез Нәзік (грант), Сайлаубаева Гаухар (ақылы), Кажимова Базарханым (ақылы), Абдрахманова Жанар (ақылы), Смадияров Еркебұлан (ақылы) Ақтөбе қаласына оқу-тәжірибе сараманына жіберілді. Тәжірибе жетекшісі болып филология ғылымдарының кандидаты Шарабасов С.Ғ бекітілді.

Академиялық ұтқырлық, ЖОО-лар арасындағы және ЖОО мен студент арасындағы келісімдер филология факультетінде біраз тәжірибе жинақтаған. Доцент С.Шарабасов бастаған студенттер 16 маусым күні Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетіндегі филология факультеті деканы (проф. С.Мұхтаров), қазақ тілі кафедрасы (меңгерушісі Н.Садуақас), қазақ әдебиеті кафедрасы (меңгерушісі А.Пангереев) мүшелері және кафедралардағы оқу-тәжірибе құжаттарымен таныстырылды. Екі кафедрадан екі аға оқытушы – Гүлнар Обаева, Нұрлыхан Аитова Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті фольклорлық-диалектологиялық сараман жетекшілері болып тағайындалды.

Арнайы жоспар бойынша 17 маусым – Есет батыр Көкіұлы, 18 маусым - күні екі топ болып қарияларды тыңдау, 19 маусым - ақын Ертай Ашықбаевпен кездесу, 20 маусым - жұлдызында педагогика саласының ардагерлері Ниетжан Беріков, Сембай Қаңтарбаевтармен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Тарихи орындар – Нұр ғасыр мешіті, Батыр қыз - Әлия мұражайы, өңірлік әдеби-ғылыми зерттеу институты (меңгерушісі проф. А.Мусаев) т.б. ғылыми нысандарға барыс-келіс жасалынды. Аптаның әр тәулігінің екінші жартысында студенттер екі кафедра фольклор-диалектология папкаларымен жұмыстанды. Әрбіреуі өзіндік оқу-тәжірибе папкаларын толтырды, оған жұмыстар жинақталды.

Студенттердің жеке оқу-тәжірибе кітапшаларын (Ақтөбе) тексеру, қорыту,hәм бекіту жұмыстары жүргізілді. Филология факультеті (деканы, проф. С.Мұхтаров) оқу-тәжірибе сараманы бойынша әр студентке сертификат табыстады, әрі студентке, сондай-ақ топ жетекшісіне университет ректоры алғыс хаты сыйланды.

С.ШАРАБАСОВ,
топ жетекшісі, доцент,
Н.ҒАЗЕЗ,
оқу-тәжірибе сараманының старостасы

Студенттік шақ күнделігінің алғашқы күндері

Студенттік өмірдің ең бір қызық өткелі, ол-жатақхана. Мен де басқа студенттер сияқты ат терлетіп Ақтөбе облысынан келіп, жатақхананың 6 қабатына орналастым. Менің студенттік өмірімнің қызық сәттері жатақханаға орналасқан күннен басталды. Себебі, мен келген күні барлық студенттер ертеңгі мерекелік шараға қызу дайындық үстінде. Мен де өз қабатымның старостасымен танысып, өз бойымдағы өнерді көрсеттім. «Серпін-2050» бағдарламасы бойынша оқуға тускен және жаңа жатақханаға күні кеше келген студенттердің ұйымдастыруымен үлкен концерт ұйымдастырды. Бір күн дайындалса да бақандай 14 нөмердің ішінде би, ән, поэзия тіпті театрландырылған көрініс те қойылып үлгерді. Концерт өте жоғары деңгейде өтті. Кеш соңында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің тәрбие ісі жөніндегі жетекшісі Жақсығалиева Альфия Сырымқожақызы барлық студенттерді құттықтап, осында білім алып жатқан әр студенттің өмірінде дұрыс таңдау жасағанын айтып, барлығымызға сәттілік тілеген болатын.

Арасына бір күн салып, 29-тамыз күніне орай, БҚМУ спорт сарайында волейболдан жатақхана студенттері арасында жарыс өткізілді. 6 команда арасындағы ойын қызу да, тартысты болды. Осы 6 команда арасынан біздің, яғни 6 қабаттың намысын қорғаған «Талапкер» командасы суырылып шығып, жүлделі 1 орынды иеленді. Жатақхана студенттері дән риза.

Ал, 30 тамызда аталмыш мереке күніне орай мәдениет және өнер факультетінің студенттік деканы Ғұмаров Ақжанның ұйымдастыруымен шағын жиын өтті. Жиын барысында мәдениет және өнер факультетінің деканы Мейрам Исатайұлы құттықтау сөз сөйледі. Және де студенттік ректор Дүйсенбаев Төрехан студенттерді белсенді болуға шақырды. Жиында Ата Заңымызға байланысты баяндамалар оқылды.

Осы жиыннан соң БҚМУ акт залында жатақхана студенттері Конституция күніне орай арнайы дәріс тыңдады.

Жалпы, біз, барлық іс-шараның басында үлкен жүрек тұрғанын білеміз! Өзіміздің үлкен алғысымызды білдіреміз. Себебі, біздің әр күніміздің қызықты өтуіне үлкен септігін тигізуде.

Айгерім ҚУАНЫШЕВА,
«Мәдени-тыныңу» мамандығының
1-курс студенті

«Қазақ поэзиясындағы Ақұштап Бақтыгереева әлемі»

осындай атпен М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, қазақтың көрнекті ақын қызы Ақұштап Бақтыгерееваның 70 жасқа толуына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті

Махамбеттің өр рухты жырларын тудырған, Алаштың асылы Қасым жырлаған, Жұбан, Тайыр, Қадыр дүниеге келген, күй атасы – Құрманғазы, үш жүзге ән әуелеткен ән падишасы Ғарекең, халқына күн туғанда қолына қару алған батыр қыздарымыз Мәншүк пен Хиуаз туған өлкемізде өлеңнің, жалындаған жырдың поэзия әлеміндегі өзіндік ерекшелігін ғалымдарымыз тағы бір айқындады.

Ақ ерке Ақ Жайықтан қанат қаққан, бүгінде қазақ поэзиясы айдынының ақ шағаласы атанған Ақұштап Бақтыгерееваның есімі өлең сүйер қауымға жақсы таныс. Университет ұжымы мерейтой иесін зор құрметпен қарсы алды. Ардагер ұстаз Мерует Жолдықайырова шашу шашып, қонақтарға дәм ұсынды. Республикалық ақындар айтысының жүлдегері, университеттің магистр-оқытушысы Жансая Мусина арнауын жолдады. Келген қонақтар Ақұштап Бақтыгереева атындағы ақындар мектебі дәрісханасымен танысып, ұлттық бұйымдар мен ақын шығармашылығына арналған көрмені тамашалады.

Конференцияға Алматыдан арнайы келген Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, ақын Жанарбек Әшімжан, қаламгер, Президент сыйлығының лауреаты Мереке Құлкенов қатысып, мерейтой иесіне жылы тілектерін арнады. Ақынның шығармашылығы хақында М. Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры С.Ғ. Шарабасов алғашқы болып сөз алды. «Ақын апамыздың алғашқы студент күнінде шығарған «Өрімталдан» бастап, «Қуанышым іңкәрім», «Бақыт әні», «Ақ шағала» жыр жинақтары секілді көптеген кітаптары жарық көрді. Күні кеше ғана Астанадан ақынның үш томдық таңдамалы өлеңдер жинағы шықты. Апайдың шығармашылығы туралы жақсы пікір айтқандар көп. Бірақ маған өзімнің ұстазым «Қазақтың Қабдоловының» жиырма жыл бұрын осы жерде айтқан сөзі өте қымбат. «Мен Оралды үш қызы арқылы танимын. Біріншісі – аңызға айналған Қыз Жібек, екіншісі – батыр Мәншүк, үшіншісі – өз мінезі, ақындық үні бар Ақұштап арқылы. Соған қарап бұл елдің қыздары мықты-ау деп ұғынамын» деді ол кісі. Бұл керемет баға» , - деді Серіккали Ғабдешұлы.

Ақұштап Бақтыгереева шығармашылығының қазақ лирикасында алатын орнын өлеңдері арқылы өрнектеген ф.ғ.к., доцент Зейнолла Жақсылықұлы «Жыр жолы боп елестейді келер күн» атты баяндамасында ақын өлеңдерінің көркемдік поэтикасын талдаса, доцент Ұлдай Ержанова «Ақұштап Бақтыгереева поэзиясының тілдік-стильдік ерекшеліктері» тақырыптарында баяндама жасады.

Университет ректоры, академик Асхат Сәлімұлы: «Бүгінде Жайық жұрты, Жайық елі үлкен той үстінде. Ақ Жайықтың ақ шағаласы, ақын А. Бақтыгереева мерейлі жасқа толып отыр.

Қазақтың мықты ақыны Т. Айбергенов: «Оралып өткен алдымнан, Оралдан ұшқан көк қаршыға» - деген екен. Ал қазақ өлеңінің философы Қадыр Мырзалиев «Аққыз, ақ ана, ақ әже – Ақұштап», «Ақ Жайық», «Ақ желең», «Ақ шағала» деп ерекше құрметтейді.

Ақын Ақұштап Бақтыгереева қазақ поэзиясында өзіндік орны бар, елімізге кеңінен танылған ақын. Ақын жырларын оқырман қауым іздеп жүріп оқиды десек, асыра айтпаған болармыз. Ақын өлеңдері бірнеше ұрпақтың рухани азығына айналды» деп атап өтіп, университет атынан ақын апамызға сый-құрмет көрсетті.

Жерлес ақын Ғайса-Ғали Сейтақ:

«Құйылып сөздің сарасы,
Артқандай ақын бағасы.
Жырменен жайнап тұрғандай
Жайықтың мынау жағасы» деп мерейтой иесіне арнаған өз өлеңін оқыды.

Ақын мерейтойына арнайы келген Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Жанарбек Әшімжан да ақын туралы толымды сыр бөлісті. «Ақұштап ақын туралы талай тұлғалы азаматтар пікір білдірді, мақала жазды. Солардың ішінде марғасқа жазушы Әбіш Кекілбаевтың мақаласына айрықша тоқталғым келіп тұр. Ақұштап апамыздың Оралдан мектеп бітіріп, Алматыға оқуға барған кезі болса керек. «Үріп ауызға салғандай бір қыз сахнаға шығып, өлең оқыды, яғни ол Ақ Жайықтан ұшып жеткен шағаладай қазақ аспанына әуелеп кетті» деген екен Әбіш ағамыз. Кішкене ғана қызды Алатау жетілдірді, биікке ұшырды. Қырық жылдан аса Алматыда тұрды. Одан кейін қиын уақыттарда Елбасымыздың ақын-жазушыларды елге шақырған жолдауына үн қосып, Ақұштап ақын туған өлкесіне оралды. Солардың ішінде елде қалғандары санаулы ғана, сол санаулылардың бірі Ақұштап ақын», - деді Жанарбек Әшімжан.

Жазушы Мереке Құлкенов шын дарынның бәсекелестік ортада танылатындығын атап өтіп, Ақұштап ақынның жыр бәйгесіндегі Фариза ақынмен бәсекелес болғанын, поэзияда біреуден асып түсемін деп өлең жазбаса, одан ақын шықпайтынын, таланттың да артықшылығы ол бәсекеге түсе алуында, оған шыдас беруінде, ал Ақұштап өлеңді талғап, тақырыпты таңдап жазатынын және жеріне жеткізіп жазатынын жеткізді.

Конференция соңында мерейтой иесі Ақұштап ақынның өзі сөз алып, барша қауымға алғысын білдірді. Ақын лирикасының қазақ поэзиясында алатын орнын анықтау мәселелері, көркемдік әлемін тану мен талдау жұмыстары болашақта да жалғасын табары айқын.

Рита СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ баспасөз хатшысы

«Мен жанбасам, лапылдап, Сен жанбасаң, лапылдап...»

Студенттер үшін өмірінің осы шағы үлкен өмірге қанат қағар, болашаққа бастау болар маңызды кезеңі екені белгілі. Балғын сезіммен, жаутаң жанармен университет баспалдағын жаңа аттаған студенттерге таныстыру, ұрпақ сабақтастығын жалғастыру мақсатында қыркүйек айының 22-ші жұлдызы күні «Студенттер өзін-өзі басқару ұжымы» ұйымдастырумен университет белсенді түлегі, «Қазақстан» Ұлттық арнасы «Сіз не дейсіз?», «Ұлттық шоу», «Түнгі Студия» Н.Қоянбаевпен, «Шетелдегі қазақ балалары» бағдарламаларының шеф редакторы, КТК телеарнасы «Hello Қазақстан!» жобасының продюсері Шаримов Алпамыс Өскебайұлымен кездесу кеші ұйымдастырылды. Ашық түрде өткізілген жүздесу барысында Алпамыс 1-курс студенттеріне өзіндік ойымен, алдағы мақсаттарымен бүкпесіз бөлісіп қана қоймай, студенттерге ағалық ақылын, пайдалы кеңестерін, «адам өзін барлық жағдайға салып, байқап көру» керектігін айтты. Аға мен қарындас, аға мен іні, аға мен құрдас арасындағы тәтті кездесу кеші барысында студенттер тарапынан көкейтесті сұрақтар қойылып, Алпамысқа ақ тілектер де айтылмай қалмады.

Жарқын жүздесу жалғасы ретінде басты кейіпкерімізбен сұхбаттасқан болатынбыз! Ендеше, бірге оқылық!

Шағын сұхбатымызды балалық шаққа саяхаттан бастасақ, балалық бұзақылық туралы дегендей...

Балалық шағым туралы айтсам, белгілі бір жетістікке жеттім деп айта алмаймын. Үлкен өкінішім әке тәрбиесін көрмегенім. (күрсінді) Ес білгелі отбасым маған басқа балалардан ерекшеленетінімді айтып отыратын. Бірінші сыныпқа барған кезімде «а» деген әріпті түрлі қағаздарды пайдалана отырып қолдан қиып жасаппын.

Арман, мақсат деген атаулар адам атты тіршілік иесіөте мағызды ұуым болып табылады. Қазақ елі сүйсініп көріп, басқа телеарналар үлгі тұтатын «Қазақстан» Ұлттық телеарнасында қызмет ету, сіздің мақсатыңыз болды ма? Әлде, жұмысыңызға жоспарсыз келдіңіз бе?

Ұлттық арнада жұмыс жасау менің арманым болған жоқ. Менің арманым әлі орындалған жоқ . Өзімнің бағдарламаларымды шығаратын, өзім басшы бола алатындай, өзімнің артымнан ілесіп келе жатырған шәкірттермен бірге жұмыс істейтіндер жеке продюсерлік орталық ашу алдағы уақыттағы басты мақсатым. Ал, Ұлттық арнаға жұмысқа тұру менің мақсатымның бастапқы баспалдағы іспеттес.

Бүгін, міне сіз үшін арнайы кездесу ұйымдастырылып, тіпті кейбір студенттердің өмірлік сұрақтарына жауап бердіңіз. «Бұл менің жетістігім» деп ойлайсыз ба?

Мен мұны жетістік деп емес, студенттерге ағаларының ақыл-кеңесі деп ойлаймын. Студент-жастарға ой беріп, оларға көмектесу ойымен келген болатынмын. Кездесу кешінде олар менен, мен олардан кеңес алдым. Жоғары да айтып өткенімдей, менің баспалдағымның бір сатысы көп адамдармен араласу, ақылдасу, тәжірибе алмасу болатын.

«Жүз теңгең болғанша, жүз досың болсын», «Досты көпті жау алмайды» деп жатамыз, сіздің достарыңыздың көп екенін де білеміз. Осы орайда достарыңызға сенімділік танытасыз ба?

Достықты адал және арам деп екіге бөлетініміз сияқты, сенетін де сенбейтін де достарым бар. Балалық балғын шағымды бөліскен мектептегі достарыма өмір кадрлары сыртындағы тыс кезде, мен өз өмірімді тапсыртындай риясыз сенімділік білдіремін. Күні кеше танысқан адамдармен жақсы дос болып кете аламын, бірақ оларға сенім арта алмаймын. Және достарды ұзақ сынайтын қасиетім бар.

Университет қабырғасында өткізілген кез-келген концерттік бағдарламада, іс-шараларда жүргізушілік қасиетіңізбен танылған болатынсыз. Ендігі кезекте, көгілдір экраннан осы қасиетіңізді сынап көру ойыңызда барма?

Ия, шынында жасырмаймын, ұсыныстарда жоқ емес. Ұлттық арна қызметкерлері, жоба жетекшілері қолқа салған болатын. Бірақ та мен өзімді дайын емеспін деп есептеймін. Мысалы, маған тіл сабақтары, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, осыған байланысты көптеген кітаптар оқып, тілдік қорымды байытуым керек. Бұл менің көгілдір экраннан жүргізушілік қасиетімді дамыту мақсатымның бір бөлшегі. Менің ең басты мақсатым экраннан көріну емес, продюсерлік қасиетімді дамыту.

Бойыңыздағы қай қасиетіңізді жоғары бағалайсыз? Ізденімпаздылық, мүмкін шыдамдылық...

Ізденімпаздылық қасиеті әр адамда болуы тиіс деп ойлаймын. Дос бола білу қасиетімді қадір тұтамын. Ашық бола білуім, адамдарға ақ ниетіммен көмектесіп, дос таба білу, көп адамдармен араласуым, осы қасиетімнің жемісі бүгінгі к.нім деп білемін. Көп жетістігімнің кілті адамдарға жүрегімді аша білуім де деп ойлаймын.

Өмірлік ұстанымыңызды айтып өтсеңіз?

Менің негізгі өмірлік ұстанымым - Сұлтанмахмұд Торайғыровтың «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болам, Қараңғылыққ еліне күн болмағанда, кім болам?»

Сұхбатымызды қорытындылай келе, студент-жастарға айтар ағалық кеңесіңіз?

Студенттер өз уақытын тиімді пайдаланып, көп ізденіп, әдеби бағытта кітаптарды талғамай оқыса деп ойлаймын. Ешқашан еш нәрседен шаршамауға, қарапайым ғана мысал, кез-келген адам жерге құласа, міндетті түрде тұрады, сол секілді кез-келген қиындыққа қарсы тұрып, мойымау керек.

Алпамыс Өскенбайұлы, ашық та шынайы әңгімеңізге үлкен рахмет. Рухы асқақтаған Махамбет баба есімімен аталатын білім ошағымыздың барша студент-жастары атынан жасампаз істеріңізге тек жеңіс пен жеміс тілейміз!

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев атамыз «Жастық маған от берді, жалындат деп, Жастық маған оқ берді, жауыңды ат деп» дегендей жастық шағымызды жалындатып өткізейік, ал Алпамыс туралы бір сөзбен «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегіміз келеді.

Сұхбаттасушы: Ерсайынова Гүлфәни,
меншікті тілші

Кандидату биологических наук, профессору кафедры биологии и экологии Западно-Казахстанского государственного университета им. М. Утемисова Марии Максимовне Фартушиной исполнилось 85 лет. Почвовед, агрохимик, физиолог, биогеоценолог, эколог, Мария Максимовна всю жизнь посвятила науке и подготовке педагогических кадров.

26-27 сентября в ЗКГУ им. Махамбета Утемисова на естественно-географическом факультете состоялись традиционные Ивановские чтения. В этом году конференция была посвящена 85-летнему юбилею кандидата биологических наук, профессора Марии Максимовны Фартушиной.

Ивановские чтения

Ученица самого доктора биологических наук, профессора В.В.Иванова, Мария Максимовна весь свой научный потенциал посвятила науке. И по сей день, поражая студентов и магистрантов, молодых коллег и давних друзей, выезжает неугомонный педагог Фартушина на полевую практику. Трудолюбие и скромность – главные черты Марии Максимовны – поражают своей естественной природой в характере, вызывая признание и нескрываемую любовь к ней прежде всего как Учителя.

Открывая конференцию, ректор ЗКГУ академик Асхат Салимович Имангалиев сказал, что юбилей ученого – хороший повод для встречи. Ивановские чтения имеют большую практическую ценность, здесь рождаются свежие мысли, сохраняются и преумножаются традиции ученого Иванова.

Біздің оқу ордамыз сапалы білімге ұмтылатын саналы студенттерді назардан тыс қалдырмайды. Алыс шетелдік ауқымды білім шаңырақтарымен академиялық мобильді байланыс жасау арқылы сандаған студенттерге үлкен мүмкіндік жасалуда. Осы тамаша үрдіс биыл да көрініс тауып, тағы да талапкерлерге қолдау білдірілуде. Қыркүйек айының соңында университетімізден «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының магистратура бөлімінен екі магистрант *(Альбина Қалиева, Розалия Ситалиева),* бір бакалавр студенті *(Дина Капезова)* білімін толықтыратын болады. Олар Германиядағы Майнц қаласына сапар шегеді. Сондағы беделді Johannes Gutenberg университетінде 6 ай бойы шетелдік ғалымдардан тәлім алып, әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған түрлі студенттермен тәжірибе алмасады. Ағылшын және неміс тілін жетік меңгертуге бағытталған бұл оқуға баратын студенттер ерекше ынта-жігермен дайындық үстінде. Олардың мақсаты - алған ілімдерін атамекенге келіп тарату. Бұл белсенділердің ішіндегі *03301а-топ* студенті Дина Капезова*: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» демекші, қандай тілді меңгерсек те, туған елімізде қызмет жасау парызымыз. Сондықтан шетелден ұштайтын білімімізді елдің мүддесі үшін пайдалы іске асырғымыз келеді. Біз - патриотпыз. Сол себепті, Отанның өркендеуіне үлес қосуымыз қажет»,*-дейді.

Елбасымыз ғылым мен білімнің, ақпарат құралдарының, интернеттің, медицина мен мәдениеттің тілін меңгеру арқылы еліміздің дамуы жеделдейтінін баса айтады. Тасымыз өрге домалау үшін алғашқы кезекте ұлттық рухқа ие жастардан кенде болмауымыз жөн. Аталмыш бағдарламамен жат жерден жаһанның жауһар білім жаңалықтарын алып келетін зерделі бойжеткендерімізге сәттілік тілейік! Алдымен, аман-есен атамекенге оралғайсыздар, бағындырар белестеріңіз мол болғай!

Мөлдір ЛАТИФОВА,
«Филология: қазақ тілі» мамандығы, 02205-топ

Patriotism

The very sound of the word brings to my heart feelings of loyalty and pride. I feel loyalty for my country and my country's ideals, and I feel pride for those before me who fought and sacrificed much for the freedom of my beloved country.

I love and honor my country. I feel a sense of duty to this country that has been my home since my birth. As I turn the pages of our country's history, I am inspired by those who have spoken out and fought against those who have threatened our country's security and ideals. Our forefathers had dreams of a nation with liberty and justice for all. They gave all they had, every single ounce of strength, to make that dream a reality. They waged war against one of the most powerful empires of the time so that they could remain true to their ideals.

I implore upon you, the youth, to fight to keep the flame of patriotism alive. We are the authors of our country's future. We must dig dip inside ourselves and find the courage and determination to dream of a greater...

Dina KAPEZOVA,
"foreign language: two foreign languages", 03301 group

■ ***Отан туралы ойлар***

Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.
Человек без родины своей, что без леса одинокий соловей.

Ер – елінде, гүл – жерінде.
Цветы лишь на поляне своей цветами считаются, человек лишь на родине своей человеком является.

Орағын өткір болса, қарың талмайды,
Отаның берік болса, жауың алмайды.
Если будет острым серп, рука не устанет, если родина будет сильна, враг не одолеет.

Жат жеріннің қаршығасынан өз еліннің қарғасы артық.
Чем ястреб с земли чужой, лучше ворон – зато свой.

Өз елімнің басы болмасам да, сайының тасы болайын.
Даже если и не буду на родине ханом, буду в овраге камнем.

Отан - елдің анасы, ел - ердің анасы.
Родина - мать народу, народ - мать джигиту.

Туған жердің қадірін шетте жүрсең білерсің.
Как родина дорога поймешь, когда на чужбину попадешь.

Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен де жақсы.
Хороша всякая земля, а лучше всех земля своя.

Ел іші - алтын бесік.
Земля родная - колыбель золотая.

“Махамбет” ғылыми-зерттеу орталығының жаршысы

МАХАМБЕТ дауысы

(Голос Махамбета - Makhambet’s voice)

Аз сөйлер де көп тыңдар,
Қас асылдың баласы.

№ 4(10), қыркүйек, 2014 жыл

Махамбет жырауды ұлықтаудағы Қабдоловтық жол

«Қазақтың Қабдоловы» әр сөзін, әр ісін Мұхаң, Мұхтар Әуезовті қастерлеуден бастаса, ал елдік сөзді ұлы Махамбетпен ұластыра жіберетін. Әуезов кафедрасының бір ақсақалы өмір тығырығына кездескен кезде, әр кафедра мүшесіне қарияны сыйлау кезегін жасап, ал аспирант-ізденушілерге сол кісіге сәлем берген болып, жаңа кітап, жаңа газет-журналдарды апарып, асықпай оқып беруді міндеттейтін. Әр ісіміз жақсы бітсе: «Міне, Махаң (Махамбет Өтемісов) айтқан ұлағатты мінсіз орындадық, айтпақшы Зинол, қалай еді?:

Тіріде сыйласпаған ағайын,
Құм құйылсын көзіне,
Өлгенде бекер жылама!» Сөз қандай! Ыза-найза, шешім-темір! Әй, Махамбет-ай, Махамбет! дер еді.

Академик Қажым Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» 30 жылдай қайта-қайта басылым көріп, бірақ заманның талабына ілесе алмай қалады. 60-жылдардың аяғында Қажекең емі жоқ дертке шалдыққан соң, інісін шақырып алып әңгімелескен: «Әй, Зинолла, осы сен «Әдебиет теориясының» жаңа оқулығына әзірленіп жүрген көрінесің. Менің күйім – мынау. Сен еңбегіңді ұялмай жариялауға бер» дегенде, Зекең: «Қажеке, классикаға айналып кеткен ережелер мен ұлылар шығармашылығы, соның ішінде Махамбет поэзиясынан көп мысалдар алып едім. Сөзсіз, қайталауым да бар. Сіз ренжімейсіз бе?» деген уақытта, қайран Қажекең «мақұл» деп бас изесе керек. Зекең: «Махамбетке, оның шығармашылығына ең ыждағатты қараған адамның бірі – Қажекең еді. Жарықтық ерен қайсар, біртуар ұстаз еді-ау!» деп тамсанып отырушы еді.

Зекең Ақ Жайық өңіріне сирек келетін, бірақ әр сапары әдеби ашылыс еді. 1968 жылы Хамза Есенжановпен келді де, «Ақ Жайық» романы – роман-эпопея» деп еді.

1979 жылы өртеніп кеткен институтқа келді де, «Сөз өнерінен» дәріс оқыды. Еңбек ақысын ұсынып едік, «атам қазақ «Бүлінгеннен бүлдіргі алма деген, мына қаражатты жетім-кембағал студенттерге таратсаңдар» деді.

Чапаев, Жаңақала, Бөкейорда, Жәнібек, Фурманов аудандарын аралап, «Махамбет ізімен» жүрді. Ақыры «Ақын өлімі» деген роман-фрагмент туды. 1994 жылы Ақ Жайық қызы тойына келді де Зекең: «Мен Оралды үш қыз арқылы танимын. Біріншісі – аңызға айналған Қыз Жібек, екіншісі – батырға айналған Ер Мәншүк, үшіншісі – өзіндік мінезі мен үні бар ақын – Ақұштап. Ендеше, мен бұл елдің қыздары мықты-ау деп ұғынам»,- деді.

Зекең ғұмыр бойы Махамбет жырау, батыр, ақын-көтерілісшіні ардақтап өтті. Академик Парижде, Эйфель мұнарасына қарап тұрып: «Махамбеттің өмірі – қасіреттің синонимі, Махамбеттің өнері - қасиеттің символы! Махамбет әлемі Спартак, Жанна да· Арк, Робин Гуд секілді халық батырларының бірі» деп сөйледім, әлгі жиында Эллада елінен, Франция, Англиядан көп делегаттар болғасын жоғарыдағы есімдерді үлкен интонациямен айттым деп, насаттанатын.

Қадірлі Махамбет батыр, Махамбет ақын өрендері! Ақын атына сай жақсы оқып, тәлімді тәрбиемен жауап берелік! Жаңа оқу жылында жас махамбеттанушылар толағай табыстарға жете берсін деген ұстаздық ақ тілегімді білдіремін.

Серіккали ШАРАБАСОВ,
«Махамбет» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, ф.ғ.к., доцент

■ ***Студент туындысы***

Бәрі-бәрі есімде...

(новелла)

Мен өзі қызық адаммын. Бұлай деуіме не себеп дерсіздер, сірә. Кейде ойлаймын, осы мен сабақты кім үшін оқып жүрмін деп. Жалқаулық желкемнен қысады да отырады. Кейде сабаққа бар ынта-жігеріммен қатысамын, ал кейде өзімді өзім қоярға жер таппай, мазасызданамын. Әсіресе дәріс сабақтарында өзіммен өзім ойға шомылып, әр нәрсені ойлап, басым қатады. Сондағы әйтеуір сабақ жөнінде ойламайтыным анық. Бірақ кей кездері мұғалімнің әр айтқанын мән беріп өзімше іштей бір пайымдап отырамын. Не ойлайды дейсіздер ғой сонда? Бірде ұстазымның «Махамбет батырды ұлықтауымыз керек, Махамбеттің иісі сезілмей барады» дегенін тыңдап отырып, бір оқиға есіме түсіп кетті.

Жаз айының соңына қарай барлық университет бітірген студенттер қатарлы менің танысым Сұлтан да бір жұмыстың ыңғайын тапты-ау ақыры. Өзі бір қияли жан еді. Көп нәрсеге қол жеткізсем деп армандайтын. Содан да көп еңбектеніп, бір тыным таппайтын. Көп сөзге жоқ, жуас жігіт болса да, шаруаға келгенде пысық жан-тұғын. Нәтижесінде орналасқан жұмысының да өзі армандағандай тікелей жастармен жұмыстануға мүмкіндігі зор екен. Арада бар жоғы бір-екі ай өтсе де, Сұлтанның жұмысқа деген құлшынысынан ба әйтеуір ол өз ортасында жас екендігіне қарамай, сыйлы бола білді. Жастар арасында біраз жұмыстарын атқарып та үлгерді. Бәрі күннен күнге өзі ойлағаннан да бетер нәтижелі бола бастады.

Бірде ол демалыс күні үйде отырып-ақ өзінің біраз шаруаларын артқа тастады да, сәл шаршағанын басайын деп бөлмесіндегі жаюлы тұрған төсек орынына барып қисая кетті. Төбеге қарап жатып, біраз ойланды. Іштей: «Еее, Құдайым-ау, бәріне де шүкір. Елім аман-есен. Ендеше мен елім үшін не істей аламын? Не жағдай болса да, бір өзің жар бола көр. Қай істе болмасын, батылдық бере көр, ақыл, күш-жігерімді шыңдауыма жәрдем ет!» дей бергенде, даладағы күннің күркірі мен құйып тұрған жаңбырдың дауысы бұның ойын кенет бөліп жіберді. Сұлтан терезеге қарап жатып, қалай ұйықтап кеткенін сезбей де қалды. Бір кезде ойламаған жерден сағаттың шырылдаған үні оны ұйқысынан оятып жіберді. Аң-таң болған Сұлтан: «Сағатты дәл бұл уақытқа қойған кім екен», - деп күбірлеп сөйлеп жатты. Рас сағаттың тілі 17:01-ді көрсетіп тұр еді бұл уақытта. Орынынан тұрып, терезеге қараса, сырт жақ жаңбыр жауып өткен табиғатқа мүлдем ұқсамайды. Сұлтан өз көзіне өзі сенбей, бөлмесінен шығып сыртқа қарай беттеді. Тіптен жаңбырдың иісі сезілмек түгілі, аулада шаң көтеріліп, аңызақ болып тұр. Бір кезде анау жерден шаң үйіріліп келіп, бұның алдына біраз кідірді де, ішінен бір адам шығып, Сұлтанға келіп амандасты. Не болып жатырғанынан хабарсыз Сұлтан да, әлгі кісінің қолынан ұстап сәлемдесемін дегенінде, әлгі адамның денесінен мұның қолы әрлі-берлі өтіп жатты. Тіпті ұстауға келмейтін адам Сұлтан үшін таныс бейне еді. Жан-жағына алақ-жұлақ қарап тұрып, еріндері дірілдеп: «Мммма-хам-бет... Өтемісов???» - деп, отыра кетті. «Сіз бе бұл? Қайдан жүрсіз? Бұл менің өңім бе, түсім бе?» -дегенінде, әлгі кісі: «Иә, Сұлтан, бұл менмін, Махамбет бабаң. Таң қалып тұрсың ба?» - деп сұрады. Сұлтан тіптен не дерін білмей, басын изей берді. «Мен сенің тілегіңді естіп келдім. Жарайсың. Істеп жүрген жұмыстарыңды көріп ризамын. Сен секілді еңбекқор жастар көп болса, еліміз баяғыда-ақ көш ілгерілеп, дамитын еді ғой. Мен саған демеу болып, көмектесуге келдім. Бірақ, бәрін өзің, өз қолыңмен істейтін боласың. Еңбегің адал болсын» - деп, мән-жайды түсіндіріп жатырғанында, үйден інісі Нұртаң мұны іздеп шығып, Сұлтанның қасына жетіп келді. Інісіне қараймын дегенінде әлгі адам кенеттен ғайып болып, жоқ болды. Сұлтан дереу есін жия алмастан: «Махамбет баба, қайда жоғалып кеттіңіз?» - деп жан-жағына елеңдеп іздеген күйі: «Кетіп қалдыңыз ба? Енді қашан көремін сізді? Мен ештеңе түсінбедім» - деп аңтарылып тұрып қалды.

Келесі күні жұмысқа кешегі басынан өткерген оқиға жөнінде көп ойлады ма, әйтеуір сәл шаршаңқы күйде келді. Біреуге бар болған жағдайды айтайын десе, ақылынан алжасты деп қабылдайды деп іштен тынып жүрді. Жұмыстан шығып келе жатырғанында, біреу оның артынан келіп түрткендей болды. Қараса, кешегі сол бейне. Тағы бір мәрте жолықтырғанына біресе қуанып, біресе таң қалған ол: «Ассалаумалейкум, Махамбет баба. Қалыңыз қалай?» - деп, күлімсіреп амандасты. Махамбет: «Жарайсың, Сұлтан. Бүгін маған тағы да ұнады. Ешкімге ештеңе деп тіс жармадың. Мен қателеспеген екенмін», - деді. Сұлтаннан өзге ешкімге көрінбейтіндіктен, көшедегі адамдардың барлығы Сұлтанға кіммен сөйлесіп келе жатыр дегендей көзқараспен біртүрлі қарап бара жатты. Мұның бәрін көзіне де ілмеген Сұлтан Махамбетке: «Батыр баба, сонда сіз меннен не қалайсыз? Неге маған ғана көріндіңіз? Сонда мен не істеуім керек», - деп асығып-аптығып сұрай берді. «Сен асықпа, Сұлтан. Мен бәрін түсіндірейін. Қазір елдің сен ойлағандай жағдайы тым жақсы емес. Халықтың күн көрісін жақсартатын еңбекақылары да ойдағыдай болмай тұр. Денсаулықтарына да баса назар аударылмай жүр. Ұлттық экономикамыздың дамуы да жеделдемей тұр. Бастысы тіліміз жетімсіреп бара жатырған сияқты. Бұл өзіңе байқалмайды ма? Сонау заманнан бері ұлттық тәуелсіздік, тәуелсіз мемлекеттілік – біздің ғасырларға созылған асыл арманымыз еді. Жүздеген жылдар, қиын асулар, бостандық жолындағы біздің көтерілістер мен жорықтарда құрбан болған есіл ерлер, тұтас ұрпақтар – ешқашан ұмытылмауға тиіс тарихың. Арға – мінәжат, барға – қанағат, жоққа – салауат айтқан біздер өткен ғасырларда талай қиын-қыстау күндерді бастан өткердік», - деп барлық өткен тарихтың көрінісін көз алдында бір шолып шықты. «Азаттықты аңсаған біздің арманымызды жүзеге асыру бүгінгі ұрпақтың еншісінде. Бұл ғасыр – қазақтың ғасыры, сіздердің ғасырларыңыз. Ендеше елдің бәсекеге қабілетті ел болуына атсалыс. Жастардың басын қосып, осы мәселе жөнінде үндеу салып, күш жұмылдыр. Ол сенің қолыңнан келеді. Тек мен саған бағыт-бағдар берсем, іске келгенде бәрін өзің де жасай аласың. Мен саған сенемін», - деді Махамбет. Осы кезде үйіне қалай келіп қалғанын сезбеген Сұлтанға батыр баба: «Сен әуелі елдің қамын қамдауға кіріспес бұрын, ол жайлы барлық мәліметті толықтай меңгерумен қатар, оның алдағы болашағы үшін осы бастан бағдарлама құра бер. Барша елге жария болған жоба аясында халық та қимылдай бастайды. Тек сен дұрыс бағыт ұстана біл. Ал сенің уақытың сен ойлағандай көп емес. Сен таң қалған алғашқы сағат қоңырауы 17:01 шырылдағаны, бұл сенің өз бағдарламаңды жариялайтын күн еді. Ендеше, мұқияттылығыңды, жауапкершілігіңді, елдің бағы үшін бойыңдағы барлық қажеттілікті шыңдай түс. Әйтпесе, мына дүбірлі, қарбаласты дүниеде көштен қалып қоямыз. Еңбектенсең елің сені қолдайды, болмаса бәрінен айырыласың. Менің елім, сенің елің, біздің ел мәңгілік ел болып қалу үшін аянба, балам», - деді де қолына үйіп-төгіп толтырып қағаз тастады да, жоқ болып кетті. Сұлтан мұның бәрін өз жұмыстарын былай ысырып тастады да, дереу оқуға кірісті. Әр күні таң атқан сайын айнаға қараса, Сұлтан күннен күнге қартайып бара жатты. Келбеті өзгеріп, басқа түрге ене бастаса да, ештеңеге бой алдырмады. Үй іші де, жұмыстағылары да бұған таң қалып, қырын қарай бастады. Өз ісін не үшін атқарып жүргенін білетін Сұлтан сонда да бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге талпынды. Бір қызығы оның ұстанған ұстанымы барлық жастарды қызықтыра білді. Қайта-қайта жастардың пікірін ескере отырып, күнбе күн өзінің жаңа құра бастаған бағдарламасының да мақсат-міндеттерін айқындай түсті. Елдің кемел келешегін, даму мүмкіндіктерін көрсететін жаңадан жасампаз жобаны дүниеге әкеле бастады. Махамбет бабасының көрсеткен бұл бағыты елді жаңа сатыға көтеру жолындағы басты бағдар еді. Соның арқасында Сұлтанның айналасына барлық ел жиылып, осы бағдарлама аясында бір күш болып жұмылды. Ел алдында үлкен қолдауға ие болған жігіттің дәрежесі өсіп, биік мінбелерде сөз сөйлеп жүрді. Соның бірінде ақыры Сұлтан ел алдында өз бағдарламасын жариялады. Бұл дәл сол берілген меже, қаңтар айының 17-ші жұлдызы болатын. Сұлтан халыққа сөз соңында: «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. «Қазақстан – 2050» - Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол» - деп мәлімдеді. Осы кезде Махамбет баба да Сұлтанның сөзін үнсіз тыңдап тұрған еді. Жанына жақындап келіп, өз ризашылығын білдірді: «Жарайсың, Сұлтан. Осы жолдан тайма. Елің үшін қызмет қыл. Ел сенімен мақтанатын болады. Сен еліңе керексің. Бастысы соны ұмытпа», - деп қол алысты да, ғайып болды. Ал Сұлтан Махамбет Өтемісовтың не үшін келгенін, неге бар жұмысты бұған ғана артып қойғанын енді түсінді. Себебі бұл менің сөз қылып отырған Сұлтан деген танысым, кәдімгі өзіміздің Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еді. Ол халыққа жариялаған бұл бағдарлама «Қазақстан – 2050: Мәңгілік Ел» Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы болатын.

Мұның бәрін ойлаймын деп отырғанымда, қоңыраудың сыңғыры мені елең еткізді. Сабақта отыр екенмін ғой деп ішімнен күліп жібердім. Бірақ сонда да ойымды жинақтап, расында, бұл жоба ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті. «Қазақстан -2050» - Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық дедім ішімнен.

Қауен Айгерім,
«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4-курс студенті

“Махамбет дауысы”- (“Голос Махамбета”- “Makhambet’s voice”) жаршысының жауапты редакторы - А.С.Қыдыршаев, тілшілері - Гүлнұр Исмағұлова (орталық әдіскері), Мөлдір Латифова (“Филология: қазақ тілі” мамандығы, 02105-топ)

Ұстаз. Бапкер. Жаттықтырушы.

Асқар Мақсотұлы Нұрғалиев – кәсіби ұстаз ғана емес, ол сонымен қатар өте тамаша спортшы. Үлкен спорттың жанашыры, көптеген шәкірттері қалалық, облыстық, республикалық чемпионаттардан алтын, күміс, қола медальдармен оралып жатуы – оның өз өміріндегі бар бақыты болса керек.

Соңғы деректерге сүйінсек, 2013 жылы маусымның 14-22 аралығында Атырау облысы, Аққыстау ауданында өткен республикалық турнирде Асқар Мақсотұлының шәкірті 5 – сынып оқушысы, Арсен Садиров, III орынға ие болды.

2013 жылы 9-11 наурыз айында спорт ардагерлер арасында самбо күресінен 35-40 жас аралығында БҚО чемпионатында 62 келі салмақта III орынға ие болған бапкер, жаттықтырушы Асқар Мақсотұлы қай додалы жарыста да шәкірттері де, өзі де III орыннан төмендеген емес. Бүгінгі ұстазға, бапкер жаттықтырушыға біліктілік, білімділік, ұстамдылық аса қажет. Ал бапкер-ұстаз Асқар талантты, ізденгіш, жаңашыл. «Талпынған жетер мұратқа» демекші, Асқар – қолға алған ісінің тізгінін мықты ұстап, мұрат үдесінен көрініп отыр деуге әбден лайық жан.

Ол спортпен тұрақты шұғылданып, әрқашан өзін дайындау үстінде болады. Бұл тамаша спортшының спортқа деген үлкен сүйіспеншілігін білдіріп қана қоймай, жыл сайын өтетін әлемдік, европа – азиялық спорттың самбо түрінен чемпионаттарға ардагерлер командасымен барып келуді әрқашан мұрат тұтқан, тамаша бабындағы самбошы, абзал жан екендігі дәлелі. Оның ұлттық қазақ күресін де дамыту ойында бар.

Ол 2013 жылының желтоқсан айында Астана қаласында тұңғыш рет өткізілген «Қазақ күресінің өткені, бүгіні мен болашағы» атты ғылыми – тәжірбиелік конфереция қатасып, өзінің ойында жүрген, өмір елегімен өткізген ой-тәжірбиелерін ортаға салып қайтты. Оны конференцияға қатысушы ұстаздар мен жаттықтырушылар зейін сала тыңдады.

Асқар Мақсотұлының өмірдеректеріне көз жүгіртсек, Фурманов ауданында (қазіргі Жалпақтал ауылы) 1974 жылы маусымда дүниеге келген. 1981 мектеп табалдырығын аттаған. Асқар Мақсотұлы 1985 жылы 4-сыныпта оқып жүріп самбо күресінен ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Қауметов Нұрлан Кажиакпарұлының самбо үйірмесіне қатысады. Мектепте оқып жүрген Асқар Нұрғалиев аудандық жарыстарда бірнеше рет самбо және қазақ күресінен жеңімпаз атанады. 1989 жылы 8-сынып бітіріп, аудандағы №17 кәсіптіктехникалық училищесіне оқуға түседі. Сол жылы Жалпақтал ауылында алғашқы рет Кеңес Одағының батыры А.Д.Құсайынов атындағы облыстық ашық турнирде 1-ші орынға ие болады. 1990 жылы шілде айында Жезқазған облысы, Жаңаарқа ауданы 30-шы Бүкілқазақстандық оқушылар спартакиадасына қатысып, жүлделі 2-ші орынға ие болады.

1990 жылы тамыз айында Тура қаласында КСРО чемпионатына іріктеу жарысында 5-ші орынға ие болады. 1991-1992жж. «Уральская снежинка» атты облыстық спартакиадаға екі рет қатысып , екі рет самбо күресінен облыс чемпионы атанады. 1991 жылы қазан айында Ресей Федерациясының Горький облысы, Выска қаласында Бүкілодақтық турниріне қатысып, 2-орынға ие болады. 1992-1994 жылдары әскери борышын өтеді. 1997-2002 жылдары Алматы қаласындағы қазақтың Спорт және Туризм Академиясын оқып бітірген Асқар Оралдағы №43 мектепте дене тәрбиесі пәні мұғалімі болып жұмысын бастады. 2011 жылдың 1-қазаннан бастап А.Байтұрсынов атындағы мектеп дене тәрбиесі пәні мұғалімі бола жүріп, 2012 жылы сәуір айынан бастап БҚО «Ат спорты» бойынша БЖС мектебінде «Қазақ күресі» бөлімінде қазақ күресінен бапкер жатықтырушы болып жұмыс жасап келеді. Әрине, біреулер ойлап та қалар, Асқар Мақсотұлы БҚО «Ат спорты» бойынша БЖС мектебінде жаттықтырушы болып, істеп жүріп қай уақытта №10 мектепте дене тәрбиесінен сабақ беріп үлгереді деген сұраққа көз жеткізу үшін А.М.Нұрғалиев 5-6 сыныптағы сабағына кірдік. Асқар Мақсотұлы әр сабағына жауапкершілікпен қарап, оның білімділік,тәр биелік,дамытушылық мақсаттарына,ғылыми бағытына сабақ мазмұнының жүйелігіне ерекше мән береді екен. Оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануға бағдарлау мұғалімнің назарынан тыс қалып көрген емес. Жеке басының адамгершілік қасиеттерімен шәкірттеріне де, әріптестеріне де үлгі болып келеді.

Оқушы бойына ұлттық құндылықтарды, озық салт-дәстүрді, халық педагогикасын сіңіру - Асқар Мақсотұлының басты ұстанымдарының бірі. Ол әртүрлі сайыстарға қатысып, биіктерден көрініп үлгерді. Бұл ұстаз жетістігі, тынымсыз еңбегінің жемісі. Бүгінгі заман талабының сұраныстарына сай жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыруда сабағында озық әдіс-тәсілдерді тиімді қолданып, шәкірттерін биіктерге бастай алатын, ізденіске баулитын шығармашыл ұстаз. Отбасында жұбайы Аймат Қанатқалиқызы – (медбике) екеуі бір ұл, бір қыз тәрбиелеген. Қадамыңа нұр жаусын, абыройлы бапкер ұстаз!

Адам және табиғат

«Соркөл» - дертке дауа, Жанға дәру

Табиғат қорғауға байланысты заңдар бізде бұрыннан да бар болатын. Алайда, «Еліміздің табиғат қорғау ісін түбегейлі қайта құру туралы» қаулысы егеменді республикамыздың табиғатын қорғау ісіндегі басты құжаты болып отыр.

Егеменді Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 159-шы бабына сәйкес, өзендерді, көлдерді, басқа да қоймалары мен су көздерін және жерлерді тазартылмаған және залалсыздандырылмаған сарқынды немесе қалдықпен ластаудан сақтандырып, егер бұл адамдардың денсаулығына, ауыл шаруашылық өндірісіне немесе өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне зиян келтірсе, заңға тартылатын азаматтық тұрғыдан ескертіп, оны естен шығармауымыз керек. Туған өлкенің байлығын, табиғаттың берген табиғи сыйлығын құрметтеуіміз керек.

Аудан орталығынан 120 шақырым жерде Шыңғырлау ауданына қарасты бұрынғы атаумен аталғанда «Алмаз» совхозы адам көңіліне ой салғандай, табиғатының әсемдігі адам көңілін тербеткендей табиғаты көрікті, шөбі жасыл кілемдей шалқын жатқан сайын дала. «Алмаз» совхозына қарасты «Соркөл» совхоз орталығынан 7 шақырым жерде, шаруашылықтың батыс жағында орналасқан. Жалпы аумағы 2-3 шақырымдық ендікте жатыр. «Соркөл» табиғи қорлардың негізгі көздеріне жатады және мал жайылымына бірден-бір таптырмас орын. Көктемде, жазда, күзде мал жайылса, одан мал азығын дайындап, алу нақты қаралған, көл жағалауындағы құстар көктем шыға тіршілікке енеді. Бірақ өкінішке орай, жан-жануарлар әлемнің мұңын түсінуге ешкім тырыспайды. Керісінше бұл маңайда аңшылық кәсібі өріс алады. Жағадан ұя тігер орын таппаған құстардың да бұл төңіректен татар дәмі таусылғандай ма деп қаласың.

Ендігі мәселе «Соркөлдің» демалыс, ем алу орыны ретінде қандай дәрежеде рөлі бар дегенге назар аударсақ.

«Соркөл» ежелден келе жатқан көл болғанымен ғылыми тұрғыдан әлі зерттелмеген. Дегенмен 1982 жылдан бергі өзімнің феонологиялық бақылауым бойынша көл суының тұздылығы орталық бөлігінде 1,1-1,3 г/л ғана жетсе, жағалауында 1,8-2,0 г/л. Мұның бір себебі ретінде көл ортасында аздап шығып жатқан су көздерін айтса болады. «Соркөл» көлінің негізгі қоры көктемдегі, күздегі жауын-шашыннан және қар суынан жиналады. Ол көл арнасын кеңейтіп тұрады да, ал қуаңшылық болған жаз айларында көлдің суы азайып, ащылана түседі. Тіпті өз көзіммен көріп байқағанымда қуаңшылық, жаңбыр болмаған жылы «Соркөл» суының жағалаулары тұздан мұз тәріздес қабыршаққа айналып адамның денесін жарақаттап тастайды.

Көлдің ең басты қасиеті – дертке дауа, жанға дәрулігі. Оның тұзды суы мен қара балшығы буын, асқазан, тері аурулары, жүйке жүйесіне, сыныққа, тағы басқа бірқатар дертке таптырмайтын ем. Көл суының радиацияға қарсы шипалық әсерінің күшті екендігін де айтуға болады. Соркөл жағалаулары жаз басталысымен-ақ ерекше құлпырып шыға келеді. Айналасы көкорай шөп, құстар, жануарлар, адамдарға толы. Ал жерлестеріміздің шілденің 15-і мен тамыз айының 15-ші аралығын «тұз айы» деп атауы тегін емес. Осы кезеңдерде оның жағасы халыққа толы болады. Бұнда тынығушылар демалыстарын хал-қадірі жеткенше тиімді өткізуге ұмтылып, көптеп келеді.

Олардың бірқатары қонаға келеді, немесе жұмыс уақытындағы адамдар таңертең келіп, күн ұзаққа болып кешіне ауылдарына қайтады. Көл жағалауларына көршілес Қаратөбе аудандарының совхоздарынан, Ақтөбе облысының жақын мекендерінен, өзіміздің ауданның совхоздарынан, «Алмаз» совхозынан лек-легімен келіп, кетіп жатады. Сонымен қатар кәсіпорын, мекемелерден ұйымдасқан түрде тұзға түсуге келіп жатады.

«Соркөлге» түсетін сұраныстарды ескерсек туған табиғат пен жер ана беріп отырған аса зор әзір байлықты әлі күнге дейін халық игілігіне білгірлікпен жарата алмай отырғанымызға қапаланбасқа болмайды.

Демалушыларға киіз үй, төсек орын және тағы басқа тұтыну құрал-жабдықтармен қамтамасыз ететін мекеме жұмысы қазіргі талапқа сай жұмыс жасаса қандай ғанибет болар еді. Сусын, азық-түліктің кейбір түрлері сатылса артық болмас еді.

Тағы бір ескерер жәй медицина пункітінің (көшпелі болса да) жоқтығы. Өйткені мұнда емделу осы екен деп күн ұзаққа тұзға түсетіндер де, жон терісі сыпырылып түскенше күнге күйетіндер де кездеседі. Мұны әркімнің өз ісі десек те, көл, (киелі) суына сабынмен жуынатындарды көргенде іштей күйінесің. Мұндай жайбарақаттыққа жол берген тынығушыларды кінәлауда қиын. Өйткені жауапты адамдары жоқ. Қалай дегенменде «Соркөлге» арнайы адамдар шығарып, қамқорлыққа алу оны дәрігерлік жолдамалармен емделуге келетін арнаулы орынға айналдыру мәселесін шешуді қолға мықтап алған жөн ғой деп ойлаймын. Бұдан шығар қорытынды «Соркөл» жақын аудандарға, облысқа, совхоздарға қаншалықты экономикалық үлес қосар еді деген ой келеді. Барды бағам білсек, мұны байқау қиын емес. Ең бастысы жағалау тиісті орындарға бекітіліп, қамқорлыққа алынса және демалушыларға қажетті жағдай жасап отыруды қолға алса. Содан кейінгі кезеңде өзін-өзі қаржыландырса оны курортқа немесе санаторияға айналдырып, жыл бойына тынығып-емделушілерді қабылдап отыру мәселесі де оңға басар еді. Ал әзірше айтарымыз дертке дауа, жанға дәру «Соркөл» көлін кесел-кесапат тудыратын лайлы көлшікке айналдырып алмайық. Ол үшін көл суын ластанудан сақтау қажет. Олай дейтініміз көл жағалауларына келгендер қоқыс қалдықтарын жинамай кетеді, немесе малшылар да малын көлге айдап, оның айналасын ластап кетеді.

«Соркөлдің» шипалы, киелі суын қорғайық.

Асқар ӘБУБӘКІРОВ,
Спорт ардагері, «Спорт жұлдыздары» журналының Батыс Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі.
Халықаралық спортшылар одағының мүшесі,
Қазақстан Республикасы журналисттер одағының мүшесі,
«Элита» медалінің иегері,
ССРО география қоғамының толық мүшесі,
Өлкетанушы, Фенолог,
Халықаралық Ядроға қарсы,
«Семей – НЕВАДА» қозғалысының
20 жылдығы» медалінің иегері.

Ағымдағы жылдың 20 қыркүйек күні облыстық жастар саясаты мәселелері және білім басқармасының қолдауымен «Темір бүркіт» жастар қоғамдық бірлестігі ұйымдастырумен Отбасы күніне арналған жас отбасылар арасындағы «Толағай» облыстық ойын-сауық сайысы КазИИТУ ғылыми-білім кешенінде өткізілді. Отбасы құндылықтарын және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған шараға оқу ордамыз атынан Рамазановтар отбасы, құрамы: әкесі Рамазанов Мұхтар, анасы Қадырбекова Қарлығаш және баласы Ербол Ақтілек, Ажмуханбетовтар отбасы құрамы: әкесі Ажмуханбетов Ербол, анасы Мухтарова Венера, баласы Ерболұлы Ернұр қатысты.

«ТОЛАҒАЙ» ойын-сауық жарысы...

29 жастан аспаған жас отбасылар арасынан топ жарып, ұйымшылдықпен ерекшеленгені үшін Ажмуханбетовтар отбасы алғыс хатпен марапатталса, Рамазановтар отбасы жүлделі 2-орынды қанжығаларына байлады. Отбасының үш мүшесінен құралған барлық отбасылар жеңіс жолында қызықты ойын өрнегін көрсетті. Білім ошағымыздың намысын отбасылар сайысында қорғап, үкілеген үмітімізді ақтаған жас отбасыларымызға жанұя бақытын, берекесін тілейміз.

Гүлфәни Хамзиқызы

Отан – отбасынан басталады

Отбасы - адам үшін ең жақын әлеуметті орта. Ол білгелі дәстүрлердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы, баланың азамат болып өсеуінің негізі болып табылады. Әр халықта, әр елде, әр мемлекетте болсын міндетті түрде жанұя бар. Осы «отбасы» атты ұғымнан мемлекет, халық атаулары шықты.

Елбасымыз Н.Назарбаев өз сөзінде мемлекет отбасыдан басталатынын, сол себепті де біздің қоғамдағы жанұялық құндылықтарды нығайтудың маңызы зор екенін бірнеше рет айтып өткен болатын. Осыған орай, елімізде биыл екінші рет «отбасы мерекесі» аталып өтті. Қаламыздың облыстық қазақ драма театрында «Отбасы – тіршіліктің тірегі» байқауы өтті. Бұл жарысқа өңіріміздің 10 ауданы мен Орал қаласының 1 командасы қатысты. Біздің тобымыздағы Габдрахим Гүлназ жанұясымен Сырым ауданының намысын қорғады. Байқау сындары да ерекше болды: өзін-өзі таныстыру, әкелер, аналар бәсекесі, өнер көрсету, үй тапсырмасы сайыстары бойынша сынға түсті. Жарыс тартысты өтті. Көпшілік әкелердің мақал-мәтелдер, әндердің жалғасын табу, шеге қағу, бата беру сияқты өнерлерін тамашаласа, аналар да түрлі жағдаяттан шығуға байланысты сұрақтарға жауап берді.

Нәтижесінде, Әубәкіров отбасы арнайы дипломмен марапатталды.

Құрбымыз Гүлназға біздің топ студенттері өнері өрге жүзіп, биіктен көріне бер деп тілейміз.

Назерке Тұрарбек,
08101-топ, құқықтану факультеті

От многой мудрости много печали

Лет пятнадцать назад ехал я в одном купе с преподавателем математики из МГУ (не то, что вы подумали - Мордовского госуниверситета). Он кандидат наук, доцент. От нечего делать задал я ему детскую загадочку - «Из пункта А в пункт Б выезжает велосипедист со скоростью 20 км час. Одновременно навстречу ему из пункта Б в пункт А вылетает муха со скоростью 30 км час. Долетев до велосипедиста, муха поворачивает назад и летит до пункта Б, затем снова поворачивает и летит до велосипедиста и т.д. Какой путь пролетит муха к тому моменту, когда велосипедист прибудет в пункт Б? Расстояние между пунктами 40 км.» Правильный ответ - 60 км, так как муха летала 2 часа. Преподаватель задумался минут на 10, потом изрек «Надо в общем виде...», достал лист бумаги, ручку и корпел над бесконечными рядами еще час. Задачу он решил правильно. Но надо было видеть его физиономию, когда я ему объяснил, что ответ получается в два действия. Поистине, «от многой мудрости много печали, и, умножая познания, умножаешь скорбь».

«Мне интересно учиться!»

Под таким заголовком мы уже публиковали репортаж студенческой жизни Айгерим Калиевой. Начался новый учебный год, и Айгерим спешит поделиться с читателями нашей газеты интересными событиями прошлого семестра и каникул.

Всем привет!

С вами снова я, «вездесущая Айгерим». И в очередной раз хочу поделиться с вами своими впечатлениями.

Теперь о минувшем лете, а именно - о лете, которое перевернуло мое мировоззрение. Сейчас объясню почему.

Накануне последнего экзамена летней сессии я предвкушала, как после сдачи поеду домой и буду наслаждаться каникулами: наконец-то высплюсь, буду объедаться домашними вкусностями, пересмотрю все фильмы, просмотр которых откладывала на каникулы… Но моим ожиданиям суждено было сбыться лишь частично. А виной всему страшное слово «ПРАКТИКА».

В своих мечтах я упустила тот момент, что после 3-го курса нужно обязательно пройти производственную практику, ее я должна была проходить в своем городе Аксае в бухгалтерии поликлиники.

Итак, в пятницу прошел мой экзамен, а в понедельник я уже была на практике, где пробыла последующие 2 недели, из которых могу сделать для себя определенные выводы. Работа бухгалтера в бюджетных организациях - это очень тяжелая работа. Лично мои впечатления после практики таковы:

- во-первых, на нервы действовали бесконечные, всевозможные проверки по контролю за освоением бюджетных денег,

- во-вторых, организацию, состоящую из около 600 человек, обслуживают всего 6 бухгалтеров (представьте, как это тяжело!);

- в-третьих, мне давали однотипную работу, например, прошивать папки с помощью дрели и еще какой-то металлической конструкции, занумеровывать расходные кассовые ордера и проставлять печати - и это было скучно;

- в-четвертых, у меня не было ни своего рабочего места, ни стола, ни компьютера, только через неделю дали стол. К тому же, из-за изолированности от настоящей бухгалтерской работы, было ощущение постоянной пустой суеты и шума.

Каждое утро я просыпалась с мыслью, что не хочу идти на практику. Но через эти 2 недели мне пришло приглашение пройти практику в самой престижной организации нашей области - КПО.б.в. со2 июля по 2 августа. В 2 июля в 9.00 утра я уже была в здании Human Resources Controllership (Тампонажки), где нас, практикантов, встретила специалист отдела кадров (HR Specialist) Алмагамбетова Марзия Максутовна. Она провела небольшое собрание касаемо нашей практики, на котором изъяснила правила поведения в КПО, после чего мы подписали письменное согласие о прохождении практики в КПО.

Прежде чем начать практику, мы прошли инструктаж по технике безопасности, технике пожарной безопасности, получили бейджики в здании КВЧ.

Для прохождения практики меня направили в Отдел Финансового Контроля по Аудиту и обеспечению соответствия на территории Промзоны в здании РГП блок 1. Кстати для тех, кто не в курсе, Промзона – это промышленная часть Аксая, по размерам соизмеримая с жилой ее частью,

В КПО есть целый отдел, занимающийся контролем и подготовкой практикантов. На следующий день я приступила к своим обязанностям, подписав договор, в котором есть пункт о неразглашении коммерческой тайны. Поэтому я не могу рассказывать, чем я там занималась, но это было очень-очень интересная работа. Практически каждый день мы познавали что-то новое. Бухгалтером, как оказалось, быть очень круто!

Мне удалось с успехом применить все знания, полученные в университете. Я сделала вывод для себя – главное качество, которым должен обладать бухгалтер – это внимательность. Благодаря нашей внимательность нам удалось избежать многих ошибок, которые так и стремились в нашу работу. Успевали вовремя заметить, перепроверяя расчеты. Впрочем, допустить ошибки нам бы не позволили наши руководители практики.

Немного о компании.

Людей в КПО можно разделить на 2 категории: на тех, кто работает в Промзоне, и тех, кто работает на Месторождении

Сотрудники из Промзоны - это офисные работники, настоящие счастливчики, т.к. жёсткого Dress-кода там нет, можно одеваться как тебе удобно. На месторождении я никогда не была, но видела на Промзоне работников – мужчин и женщин - в плотных комбинезонах красного цвета (спецовках) даже в сильную жару.

В каждом офисе существует Кофе-room. Это, по сути, кухня, где можно взять чай, кофе, молоко, бутылочку воды, и все это совершенно бесплатно. Там же есть мини магазинчик, в некоторых зданиях офиса существуют кофе-автоматы также с бесплатным кофе.

Кроме того все сотрудники КПО обеспечены служебным транспортом, который ходит по расписанию. Сотрудников привозят на работу, увозят на обед и с обеда и привозят домой вечером после работы, что очень экономит время и нервы.

Работники там очень коммуникабельные и дружелюбные люди. На все знаменательные семейные события они готовят угощения для своих коллег в отделах.

Без сомнения, это самое замечательное место для практики, где можно почувствовать коллективизм и желание работать.

И несмотря ни на что, я рада, что познала бухгалтерию в разных организациях. В дальнейшем, выбирая место работы, я буду знать, чего ожидать. Поэтому желаю всем проходить практику как можно больше и в разных местах.

До скорой встречи!

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Индексі 090006. Таралымы 2000

РЕДАКТОР:
Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР:
Гүлфани ЕРСАЙЫНОВА,
Мәдина Қойшығараева

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:
Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.

Достық даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www. wksu.kz, e-mail: IC_SMI@wksu.kz